

---

*АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТІЛДЕРДІ ДАМУ БАСҚАРМАСЫ  
ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ*



***ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ:  
ІЗДЕНІС ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ***

● *ақпараттық-әдістемелік журнал* ●

***№4(34)***

**2023 жыл, 29 қараша**

---



# *«Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журнал*

**Меншік иесі:** «Ақтөбе облысының  
тілдерді дамыту басқармасы» ММ

**Бас редактор:** А.Қ. Қонақбаев

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 2016 жылғы 15 сәуірдегі №15956-Ж куәлігін алған.

**Басылым мерзімділігі:** 3 айда 1 рет.

№4 (34) саны  
29 қараша 2023 жыл

Таралымы 80 дана

Тапсырыс № 877

Баспахана атауы:  
**ЖК «Полиграфия»**

Мекен-жайы:  
**Қазақстан Республика,  
Ақтөбе қаласы,  
Т.Рысқұлов көшесі, 190.  
Тел.: 8701 276 90 15  
E-mail: a-poligraf2002@mail.ru**

Редакция мекен-жайы:  
**Ақтөбе қаласы,  
Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А»  
Тел.: 8 (7132) 55-83-45  
E-mail: ortaluktil@mail.ru**

Авторлардың стилі, орфографиясы сақталады. Ақпараттардың нақтылығы мен ақиқаттығына редакция жауап бермейді.





## МАЗМҰНЫ

<b>К.Х.Сергазина</b>	<b>РЕДАКТОР БАҒАНЫ</b> ..... 5
<b>А. Қонақбаев</b>	<b>ТІЛТАНЫМ</b> Тілге құрмет – ең асыл құндылық ..... 6
<b>А.С.Нұржанова</b>	<b>РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ</b> Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін қолдану ..... 8
<b>А.Құдайбергенова</b>	Тілдерді оқыту – абыройлы міндетім ..... 9
<b>А.М.Арыкова</b>	Тіл – ең асыл құндылық ..... 10
<b>Г.Н.Ержанбаева</b>	Тіл мәртебесі – ел мәртебесі ..... 11
<b>Ж.А.Умарова</b>	Отбасы. Жасы нешеде? ..... 12
<b>Б.Т.Қожықов</b>	Қандай тілдерді білесің? ..... 14
<b>Ж.А.Жиенгазина</b>	Т.Айбергенов: «Бір тойым бар» ..... 18
<b>К.К.Кайпова</b>	<b>ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ</b> Ағылшын тілі сабағында кері байланысты қолданудың тиімділігі ..... 22
<b>Д.А. Займенова</b>	Бастауыш сыныпта ағылшын тілін үйретудің тиімді әдіс-тәсілдері ..... 23
<b>А.Т. Кузденбаева</b>	Оқушылардың таным белсенділігін арттыру ..... 25
<b>А.Т.Айтмағамбетова</b>	<b>ҮЗДІК САБАҚ</b> Ата-бабаның асыл арманы ..... 27
<b>А.Ғ.Әлімбаева</b>	Денсаулыққа пайдалы тағамдар ..... 29
<b>Г.А.Алпысбаева</b>	Көркем табиғат және көрікті жерлер ..... 33
<b>Ж.А.Амангелді</b>	Е.Әбікен. «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесіндегі кейіпкерлер ..... 35
<b>С.К.Балмукашева</b>	Бөлмедегі заттар ..... 37
<b>Ә.Ә.Бекет</b>	Қ.Жұмаділов «Тағдыр» романы ..... 39
<b>Ш.М.Грובה</b>	The rule of the game ..... 42
<b>Ж.Қ.Досмағамбетова</b>	Айгүл Кемелбаева «Шашты» әңгімесі ..... 43
<b>Р.С.Жетписбаева</b>	Ілияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасы ..... 46
<b>Г.Н.Жарикова</b>	Фастфудтың зияны ..... 48
<b>А.А.Жалмұқанова</b>	Д.Исабеков «Әпке». Отбасылық құндылықтар ..... 51
<b>Д.А.Zainenova</b>	Sports/Activities ..... 53
<b>С.М.Издина</b>	Төле би «Ердің бақыты - әйел» ..... 56



Д.М.Имжарова	Тема любви в повести А.И.Куприна «Гранатовый браслет» .....	58
Ж.Е.Қәдір	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасының көркемдік ерекшелігі .....	62
Т.М.Қондыбаева	Бақыт жолында .....	64
О.С.Жаксымбет	Берегите воду! .....	67
Г.Ә.Максимова	Б.Майлин. «Шұғаның белгісі» хикаяты .....	69
Э.Н.Марат	Судың да сұрауы бар .....	71
Г.А.Наурызалина	Жас маманға жәрдем. Жас маман, алға бас қадам! .....	74
Б.Х.Сәрсенов	Әлеуметтік желіні пайдаланамын .....	75
А.Саин	Т.Айбергенов «Сағыныш – ерекше сезім» .....	78

### ТӘРБИЕШІ ЖАЗБАЛАРЫ

А.М. Абилкайерова	Итоговое комплексное занятие в старшей группе по типу квест-игры... ..	81
А.Н. Бериккалиева	Адамгершілік - адамның рухани арқауы .....	82
Ж.С. Бутекова	8-Наурыз аналар мерекесіне арналған ертеңгілік. «Ардақты анашым!» .....	83
Г.А. Дуйсебаева	«Қарттарым – асыл қазынам!» .....	85
З.К. Есенкараева	Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру .....	87
С.С. Кабылова	Баланы ерте дамытудың қарапайым әдіс-тәсілдері .....	88
М.Н. Джумамуратова	Балабақша - білімнің алғашқы баспалдағы .....	90
Ж.С. Бутекова	Сценарий осеннего праздника в средней группе «про сердитую тучку» .....	91
Ә.А. Сәрсенбаева	«Бау-бақша» .....	93
А.Р. Сулейменова	Сценарий осеннего утренника в детском саду для подготовительной группы – «Здравствуй, осень золотая» .....	95
Г.Т. Тажикенова	«Мен отанның бақытты ұлымын!» .....	96
Ж.О. Хайрхожаева	Құстар біздің – досымыз! .....	98
	<b>АҚПАРАТ АЙНАСЫ</b> .....	100





## РЕДАКТОР БАҒАНЫ

**К.Х.СЕРГАЗИНА,**

*Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының  
Тілдерді оқыту орталығы директоры*



Ұстаздық - үздіксіз ізденіс пен терең білімді талап ететін мәртебелі мамандық. Тұлға санасына білім мен тәрбиені қатар тоғыстырған осы бір абзал маман иесі – мұғалімді қолдау, оның үздік іс-тәжірибесін тарату, насихаттау - Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығының ұзақ жылдан бергі басты бағытының бірі.

Орталықтың педагог мамандарының құрастыруымен тілдерді оқытуға, әдістемелік мәселелерге және практикалық машық-дағдыларды қалыптастыруға арналған 87 баспа өнім жарық көрді.

Тілдерді оқытудағы жаңашылдықты, озық іс-тәжірибені (тіл ғалымдарының ғылыми жұмыстары, тілдер оқытушыларының әдістемелік мақалалары, үш тілдегі үздік сабақ әзірлемелері, тәрбиешілердің шығармашылық материалдары), креативті педагогикалық идеяларды көпшілікке насихаттау, мемлекеттік тілді оқытуда облыстың педагогикалық кадрларының тәжірибе алмасу алаңына айналған «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журналы 2014 жылдан бастап шығып келді. Басылымның атауы айтып тұрғандай, басты мақсаты- қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту әдістемесін жетілдіру және тілдер оқытушыларына, әдіскерлерге әдістемелік қолдау көрсету.

Журналдың «Тілтаным», «Рухани жаңғыру», «Тіл үйрету әдістемесі», «Үздік сабақ», «Тәрбиеші жазбалары» атты дәстүрлі айдарларында күні бүгінге дейін **1603 материал** жарияланды, оның ішінде:

Қазақ тілінде – **1 311**;

Орыс тілінде – **156**;

Ағылшын тілінде – **136** материал.

Жариялымдар авторларының басым көпшілігі

облыс педагогтері (**1392 адам**), десек те республиканың басқа да аймақтарынан (Астана, Ақмола, Атырау, Семей, Қарағанды, Алматы, Тараз және т.б.) **60**, көршілес Ресей, Қытай елдерінен **50**- автор ғылыми мақала, танымдық эссе, әдістемелік ізденістерін жарыққа шығарды. Бұл шығармашылық байланыс уақыт өткен сайын дамып, латыннегізді қазақ әліпбиіне ауысуға жұмыс жасап жатқан Ұлттық комиссия мүшелерінің салмақты да, тұшымды мақалалары журнал арқылы көпшілікке жетіп отырды.

Журнал облыс педагогтерінің асыға күтетін басылымына айналды десек, артық айтқандық болмас. Ақтөбе қаласы және Алға, Мұғалжар, Мәртөк, Қобда, Қарғалы, Хромтау, Темір, Шалқар аудандарының білім саласы қызметкерлерін зерделі оқырмандарымыз деп танимыз. 10 жыл тарихы бар «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журналы алдына қойған мақсатын толықтай жүзеге асырып, өз миссиясын абыройлы атқарды деп ойлаймыз, сондықтан келер жылдан бастап журнал өз оқырмандарымен қоштасады. Осы жылдарда журналдың дамуына үлес қосқан тұрақты оқырмандарымыз бен авторларымызға зор алғысымызды білдіреміз.

Орталықтың әлеуметтік желіде ресми парақшалары:

**Фейсбук:** - Тілдерді оқыту орталығы;

**Инстаграм:** - «tilderdi-oqytu-ortalyqu»;

**Электронды пошта:** - ortaluktil@mail.ru.

**Байланыс телефоны:** 8 (7132) 55-83-45.





## ТІЛ ТАНЫМ

### ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ — ЕҢ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚ

**А. ҚОНАҚБАЕВ,**

*Ақтөбе облыстық тілдерді дамыту  
басқармасының басшысы*

Әлем көші жылдам өрістеген бүгінгідей кезеңде тіл қадірін ұлттық руханиятымыздың алтын арқауынан шығарып алмай, халықтық қалыпқа қабыстыра білсек – қазақы болмысымыздың кәусар бұлағының суалмағаны.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық басылымдарға берген кезекті сұхбатында: «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Меніңше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады. Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршіннің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады. Осы тұрғыда балабақшаларда, мектептерде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруді назарда ұстау қажет», – деп, төл тіліміздің құнарын сақтап, өрісін кеңейту жолдарын атапкөрсетті. Осы бағыттарда бүгінде еліміздің барлық аймағында кешенді жұмыстар жүргізіліп, келешекке тіл тазалығы тұрғысында нақты жоспарлар құрылды.

Ақтөбе облысында да тілдерді дамыту бағдарламасы шеңберінде түрлі форматтағы шаралар кешені жүзеге асырылуда. Осы ретте бірінші кезекте қазақ тілін үйренуге мүдделі облыс тұрғындарына тілдерді меңгеруі үшін мемлекеттік қолдау көрсетілуде.

Тілдерді оқыту орталығының тілдік курстары Ақтөбе қаласы ғана емес, орыс тілді орта қалыптасқан Қарғалы, Хромтау, Мәртөк аудандарында жұмыс жасайды. Ағымдағы жылдың 10 айында орталық арқылы мемлекеттік тілді оқытумен қамтылған 1680 тыңдаушының 41,4% өзге ұлт өкілдері, ал жалпы курсқа қатысқандардың 37% мемлекеттік қызметшілер, 45% халыққа қызмет көрсету орындары қызметкерлері, 18% жеке тұлғалар.

Екі тіл білгеннің есесі түгел, үш тіл білген – үздік! Қазіргі таңда ағылшын тілін де игеру – заман талабы болып отыр. Тілдерді оқыту орталығында ағылшын тілі курсымен 320 адам қамтылса, оның 21% мемлекеттік қызмет, 73% халыққа қызмет көрсету орындары, 6% жеке тұлға.



Халыққа қызмет көрсету орындары қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтау мақсатында «ҚАЗ-ТЕСТ» жүйесі бойынша және сертификаттық тест ұйымдастырылып, 513 адам қатысты.

Қазақша сөйлеу практикасын қалыптастыру, тілдік кедергіден арылту бағытында «Soile& Say» қазақша сөйлесу клубы құрылып, клуб отырыстарына жыл басынан бері 116 адам қатысты.

Сатушы мен тұтынушы арасындағы тілдік коммуникацияға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында «Мен қазақ тілінде қызмет көрсетемін» акциясы ұйымдастырылып, 54 нысанда (сауда үйлері, базарлар, супермаркеттер, тамақтандыру) 1200 адам әдістемелік көмекпен қамтылды.

Мемлекеттік тіл саясаты науқандық немесе даңғаза түріндегі шаруа емес, ол ұдайы жетілдіруді, тұрғылықты қазақ ұлты мен өзге этностар өкілдерінің арасындағы сыйластықты нығайтуды қажет етеді. Осы ретте облыста тұрып жатырған этнос өкілдерінің ана тілдерімен қоса мемлекеттік тілді оқытуға қолдау көрсетілуде. Этномәдени бірлестіктер жанындағы жексенбілік мектептер арқылы украин, кәріс, татар-башқұрт этностарын өкілдеріне ана тілдерімен бірге мемлекеттік тілді оқыту ұйымдастырылуда. Оқытудан басқа жексенбілік мектептердің оқытушылары үшін семинар-тренингтер, ашық алаң, тілдік байқаулар ұйымдастырылады.

«Шетелдегі қазақ диаспорасымен байланыс» жобасы аясында қандастарды қолдауға бағытталған әдістемелік, ұйымдастырушылық шаралары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Осы жылдың мамыр айында көршілес Орынбор облысындағы қазақ диаспора өкілдеріне қазақ тілін үйретуге бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылды.

Жалпы мемлекеттік нығайып қалыптасуына байырғы жер, су, елді мекендердің тарихи атауын қай-



тару – ерекше орын алады. «Жер тарихы – ел тарихы» демекші, қазақ жерінің бәрінің тарихи атауы бар. Тәуелсіздігімізді алғалы тамырымызға қайта үңіліп, жеріміздің тарихи атауларын қайтарып жатырмыз. Бүгінгі күні облыста ономастика саласындағы жұмыстар жолға қойылған. Елді-мекендердің 97,7%, құрамдас бөліктердің 97,8% атауы идеологиялық талапқа сәйкес келеді.

Осы жылы Ақтөбе қаласындағы атауы жоқ көшелерге атау беру және идеологиялық тұрғыдан ескірген көшелерді қайта атау бойынша 99 ұсыныс, аудандар бойынша 9 ұсыныс қолдау тапты.

Мемлекеттік органдар мен түрлі ұйымдардың жарнама қалқандары, маңдайшаларында мемлекеттік тілдегі мәтіндердің дұрыс ресімделуін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілген мониторинг жұмыстары барысында 1975 жарнама мәтіні сараланды. Тіл туралы заң бұзушылық орын алған 485 жарнама мәтінін түзету бойынша заңнама талаптары түсіндіріліп, әдістемелік көмек көрсетілді.

Басқарманың мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында «Бізбен бірге» ҚҚ Ақтөбе қаласы және аудандар бойынша «Сауатты жарнама – тіл тазалығының көрінісі!» акциясын өткізіп, 2347 жарнама мәтініне талдау жасалды. Қате рәсімделген 1290 жарнама мәтіні түзетіліп, нысан иелеріне көмек көрсетілді.

Іс қағаздарының мемлекеттік тілде жүргізілу жайы да бақылауда. Тоқсан сайын жүргізілген мониторинг нәтижесінде құжат айналымының мемлекеттік тілдегі үлесі 9 айда – 98,9%.

Тілдік негізде кемсітушіліктің алдын алу және болдырмау, мемлекеттік тілдің одан әрі дамуы мен практикалық қолданылуын ынталандыруды жүзеге асыру мақсатында шаралар ұйымдастырылуда.

Облыстық тілдерді дамыту, денсаулық сақтау басқармалары «Қазақ тілі қоғамы» облыстық, қалалық, аудандық ұйымдары өкілдерінің қатысуымен бірлескен шаралар ұйымдастырылды. Бүгінгі күні 400-ге жуық білім мекемелері өкілдері, 300-ге жуық емдеу мекемелері қызметкерлері қатысқан семинарлар өтті. Одан басқа «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «ҚазТрансГазАймақ» АҚ тәрізді ірі кәсіпорындарда, орыс тілді орта қалыптасқан Қарғалы, Мәртөк аудандарында әр түрлі форматта шаралар ұйымдастырылып, 17 шараға 500-ден астам адам қатысты.

Балаларға арналған танымдық «Күншуақ» журналы мен «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журналы жарыққа шығуда.

Атқарылып жатқан жүйелі шаралар нәтижесінде облыста тұрақты тілдік ахуал қалыптасты. Жүргізілген әлеуметтік зерттеу қорытындысы бойынша мемлекеттік тілді меңгерген облыс тұрғындарының үлесі – 95,4%, орыс тілін меңгергендер үлесі – 90,6%, ағылшын тілін меңгергендер үлесі – 27,1%, үш (қазақ, орыс, ағылшын) тілді меңгергендер үлесі – 19,3% құрады.

«Өз тілің – бірлік үшін, өзге тілдер – тірлік үшін» деп, ел президенті атап көрсеткендей Қазақстан халқын ұйыстыратын символ осы мемлекеттік тіліміз. Қазақ тілі мәңгілік мемлекеттік тіл тұғырында болуы заңдылық.

Сондықтан да ана тілінің қолданыс аясын арттырып, өзге тілге құрметпен қарау – бәрімізге бұлжымас борыш.

Осы ұстаным арқылы да ұлттық ерекшелігімізді жоғалтпай, тарихымыздың, мәдениетіміздің, ана тіліміздің қаймағын бұзбай сақтауға болады.





## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

### ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ

**А.С.НҰРЖАНОВА,**

*Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы  
Тілдерді оқыту орталығының әдіскері*

Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымның тұғырының биік болуымен өлшенеді. Білімді игілікке жарата білу, инемен құдық қазғандай, орасан қажыр-қайрат пен ерік жігерді қажет ететін еңбек арқылы келетіні даусыз.

Оқытудың белсенді әдістері екі үлкен топқа бөлініп қарастырылады: топтық белсенді оқыту әдістері және жеке оқушыны белсенді оқыту әдістері. Осыдан әрі қарай белсенді оқыту әдістерін ғалымдар тағы екі топқа бөліп қарастырады: еліктеу белсенді оқыту әдістері және шынайы белсенді оқыту әдістері. Еліктеу белсенді оқыту әдістеріне ойын, іскери ойын, дидактикалық ойын, оқу ойындары әдістері және талдау әдістері жатады. Ал шынайы белсенді оқыту әдістеріне пікірталастар, проблемалық дәрістер, проблемалық жағдаяттарға шешім табу жұмыстары жатады. Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері – оларды дербес іс-шара өткізу әдісі ретінде қолдануға да болады немесе басқа бір әдістің маңызды құраушысы ретінде қолдануға болады. Мысалға, пікірталас ұйымдастыру – кейде дербес іс-шара болғанымен, кейде іскерлі ойынның бір құраушысы ретінде қолданылады. Қазақ тілін оқытуда қолданылатын белсенді оқыту әдістерінің қатарында көптеген ұстанымдар мен әдістер мен амалдар бары белгілі. Солардың ішінде мынадай түрлерін атап көрсетуге болады:

- «Ми шабуылы» әдісі;
- «Іскери ойындар» әдісі;
- «Дөңгелек үстел» әдісі;
- «Тілдік тұнық аяға ену» әдісі;
- «Драмалық» әдісі.

Қазақ тілі сабақтарында қолдануға ұсынатын ойын әдістеріне тоқталайық. Қазақ тілі сабақтарда ойынның: грамматикалық ойын, лексикалық ойын, фонетикалық ойын, орфографиялық ойын, шығармашалық ойын деген түрлерін қолдануға болады. Сонымен бірге, қазір мұғалімдердің тәжірибесінде кездесіп жүрген мәтінмен жұмыс, интерактивті диктант түрлері де белсенді оқыту әдістеріне жатқызылады. Миға шабуыл» әдісін қолдану ережелері мен тиімділігіне тоқталсам:



· Миға шабуыл барысында идеяларды сынамайды, бағаламайды, талқыламайды және қорғамайды. Топ ішіндегі жұмыс барысында Сіз тек: «Бұл керемет идея екен!», - деп қана айта аласыз, ал жеке-дара жұмыс жасағанда да өз-өзіңізге тым сыни көзбен қарамаңыз.

· Топ мүшелері мейлі ол қандай болсын, әйтеуір ойларына келген кез келген идеялардың, шешімдердің, мысалдардың барлығын ортаға тастауы қажет. Әрбір идея толық айтылуы тиіс. Келесі кезеңде жаңа идеяларды ойлап тапқанша, айтылғандарды ой елегінен өткізіп, ішінен ең ақылға сыйымдысын таңдау оңай болады.

· Бұл кезеңде идеялардың сапасынан гөрі санының көп болуына назар аударылады. Идеялар саны көп болған сайын, олардың ішінен кейбіреулерінің ең орынды болады дегендеріне сенімділік те арта түседі. Егер жеке-дара жұмыс жасаған болсаңыз, өз ой-пікірлеріңізді қағазға түртіп, жазып отырыңыз. Айтылғандардың ішінен енді өзге жаңа идеяларды ажыратып алады. Оларға түсінік беру мен түзетулер енгізу де шығармашылық шабыт қажет. Топ мүшелерінің қай қайсысы да идеяларды жетілдіруге, басқа нұсқаларын ұсынуға құқылы. Сондықтан қолыңызда бар идеяларды тағы бір қарау артық болмайды, мүмкін олар тағы да бір жаңа идеялардың тууына алғышарт қалыптастырады.

«Миға шабуыл» әдісінің артықшылықтары:

- Уақыт үнемделеді;
- Топпен жұмыс істеу барысында қатысушылар арасында ынтымақтастық, сыйластық қасиеттер жақсы дамиды;
- Ой еркін түрде жеткізіледі;
- Кез келген пәнге қолдануға болады;
- Қиын тақырыптарды оңай меңгеруге көмектеседі;



· Ізденушілік, шығармашылық қасиеттер дамиды.

Бұл әдісті үй тапсырмасын сұрау кезінде де, жаңа сабақты түсіндіру барысында да, сабақты бекіту, қорытындылау және рефлексия кезінде де қолдануға болады. Тыңдаушылардың қызығушылығын сабаққа аудару үшін де бұл әдісті қолдануға болады. Тереңдетілген деңгей тыңдаушыларымен «Тіл білудің пайдасы» тақырыбын өту барысында тіл үйренушілерден тақырып бойынша бір немесе бірнеше сөйлемнен тұратын ақпарат беруін сұрадым. Әр тіл үйренуші өз идеясын паракқа жазды. Оған 5 минут уақыт бердім. Барлығы жазып болған соң, біртіндеп оқып шықты. Идеяларды тыңдап негізгілерін тақтаға жаздым. Жазылған идеяларға сүйене отырып, жаңа сабақты түсіндірдім. Бұл жағдайда барлық тыңдаушылардың назары сабаққа ауады. Себебі әр тіл үйренуші өзі айтқан пікірдің дұрыстығына көз жеткізу үшін оқытушыны мұқият тыңдайды. Сондай-ақ сабақты қорытындылау кезінде де бұл әдісті қолдану тиімді. Миға шабуыл әдісі бойынша тыңдаушыға сабақта неше сөз есіңде қалғанын жазу ұсынылады. Әр тыңдаушы есте қалған сөздерін жазып болған соң, жалпы санын

көрсетеді. Осылай қай тыңдаушы ең көп сөз есте сақтағаны анықталады. Оқытушы өз тарапынан қандай сөздер тіл үйренушілердің меңгеруіне жеңіл болғанын ескереді.

Қорыта айтқанда, оқыту үдерісінің нәтижелі болуы – оқытушының сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызғылықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, тыңдаушылардың өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты. Жаңа әдіс-тәсілдерді мән-мағыналарына, ерекшеліктеріне қарай таңдап қолдана білсек, тіл үйретуде ұтарымыз анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. А., 2001.
2. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А., 2005.
3. Көккөзова М., САБАҚАН. Әдіскер тағылымы. Алматы, 2000.
4. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқыту методикасы. Ташкент-2003.
5. Оразбаева Ф.Ш. Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005.



## ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТІМ

**А.ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,**

*Қобда ауданы*

*Ал, екінші бақытым-тілім менің,  
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.  
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,  
Қасиетті тілімнен түңілмедім!*

**М.Мақатаев.**

Мұқағали үш бақытының біріне бағалаған қасиетті қазақ тілінің бүгінгі тағдыры қалай, тілімізді жоғалтпау мақсатында не істеуіміз керек? Әр ұлттың болашағы оның ана тілінде. Тіл жоғалса ұлттың да болашағы бұлғыңғыр тартып, түбегейлі жоғалып кетері сөзсіз. Ата-бабасының кім болғанын, оның қандай мекенде тіршілік еткенін, оның салты қандай, дәстүрі қандай екенін, ата-бабасынан қандай атамекен мұраға қалғанын келер ұрпаққа ана тілінде жеткізбесе, ол өзінің кім екенін білу-білмеуі неғайбыл емес пе?

Қазақ халқы елінің азаттығы үшін, кең байтақ жерінің бостандығы үшін, ұлтының, ұрпағының бодандық шырмауынан шығуы үшін қанды қырғын-

ды көріп, отаршылдық ойранын бастан кешірді. Еліміз де, халқымыз да, жеріміз де тәуелді болып, мәртебесі биік елдердің қас-қабағына қарап «Мен қазақпын» деп айтуға болмайтын заманды да біздің халық басынан кешірді. Сонда да мойыған жоқ. Халқының болашағынан, ұрпағының келешегінен үмітін үзген жоқ, келер ұрпағына қалдырар ең қадірлі де қастерлі мұрасы – қазақ тілінің қаймағын бұзбай өз қалпында жеткізу үшін тырысып бақты. Қаншама зобалаң күн халқының басына төніп тұрса да тілін, дінін, салтын өз қалпында сақтай білді. Аталардың асқаралы арманы – қазақ тілінің еркіндігі, қазақ тілінің шырқауы бүгінде біз қол жеткізген жетістік, біз көрген, біз қадірлейтін жеңіс, біз қастерлейтін ұлттық мақтаныш.

Қазіргі таңда көптеген мемлекеттік органдарда іс жүргізу мемлекеттік тілде қалыптасуына үлкен мән берілуде. Атап айтқанда, ҚР Үкіметінің «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Бұл бағдарлама бойынша бірқатар мемлекеттік органдар мемлекеттік тілді дамытуға өз үлестерін қосып келуде. Жоғарыда айтылған Заң бірінші талап ретінде мемлекеттік органдарға мем-



лекеттік тілді дамытуға барлық жағдайды жасауды міндеттейді.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл саясатын іске асырудың басты шарттарының бірі - қызметкерлердің мемлекеттік тілді еркін меңгеруі үшін сапалы, жаңа оқу бағдарламалары мен әдістемелік құралдарды тиімді қолданумен қатар, мемлекеттік тілді білу бүгінгі күннің негізгі талаптары екендігі туралы өзге ұлт арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу.

Орталықта жұмыс жасаған кездегі сабақтарымының мақсаты – қызметкерлерге қазақ тіліндегі сөздердің ауызша және жазбаша қолдану ерекшеліктерін түсіндіру, қызметтік іс қағаздарында қолдана білуін дамыту, сонымен қатар кәсіби бағыттағы мәтіндерді аудармасыз түсінуге үйрету, салалық құжаттар мен мемлекеттік ұйымдарда қолданылатын іс қағаздарының үлгілерімен танысу болды. Сабақта түсіндіру, сұрақ – жауап, сыни тұрғыдан ойлау, оқылым, жазылым және айтылым әдістері қолданылды.

Тыңдаушылардың танымдық қабілетін арттыру, мемлекеттік тілде еркін сөйлеуін дамыту, психологиялық микроклиматты қалыптастыру, септіктердің сөйлем ішіндегі рөлін ұғындыру, тіл үйренушілердің лексикалық қорын байыту, сауатты сөйлеу мәдениетіне дағдыландыру, отаншылдық патриоттық рухты дәріптеу, берілген мәтіндер негізінде эстетикалық қуат алуды көздеу мақсатында өткізілген сабақтар өте тартымды да қызықты өтті. Талай қызықты да қиын күндер өтті. Әсіресе ковид басталып, үйден шыға алмай қалған кездер де сабағымызды онлайн жалғастырып жүрдік. Сол кездегі онлайн сабақ беруді үйренгенше талай қызық болды ғой. Қазір соның бәрін ыстық сезім-

мен, ерекше ықыласпен еске аламыз. Сонда да болса орталықта болған кезде көп нәрсені үйреніп, көп адамдармен жұмыстас болдық. Әсіресе орталық басшысы Клара Хакімғалиқызына алғысым шексіз. Ұстаз ретінде де, басшы ретінде де, тіпті кейде қатар құрбыдай сырлас болған кездерді ешқашан ұмыта алмаспын.

Осылайша, Қобда ауданында мемлекеттік мекемелерде қызмет атқарып жүрген қызметкерлерге қазақ тілін оқыту және сөйлеу дағдыларын дамыту, мемлекеттік тілде қызметтік хат жазу мәдениетін жетілдіру, кәсіби біліктілігін арттыру, мемлекеттік тілде құжат әзірлеуіне бағыт-бағдар беру, тіл үйренушілердің мемлекеттік тілді ресми қарымқатынас дәрежесінде үйренуіне және қызмет ету барысында тілді өз бетімен еркін қолдана алуларына мүмкіндік туғызды. Осы арқылы әр сабақ сайын мемлекеттік тілдің мәртебесін өсіріп, қазақ тіліне деген құрметті арттыруды басты мақсат етіп келдім.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілге толыққанды көшу үшін және қазақ тілінің беделін одан әрі нығайту үшін, ең алдымен, мемлекеттік қызметкерлер іс жүзінде мемлекеттік тілді пайдаланбаса, оған деген қажеттілік болмаса, оларды оқытуға кеткен уақыт пен қаражат құмға сіңген су тәрізді нәтижесін бермейтіні барлығыңызға мәлім. Сол себепті бүгінгі таңда екі тілде жүргізіліп отырған іс қағаздарын біртіндеп мемлекеттік тілде дайындауға басымдық беру аса қажет деп ойлаймын.

Қысқасы, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге байланысты шараларды бірізділікпен жүзеге асырып, алдағы уақытта қызметкерлердің өз міндеттерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде атқаруына басты көңіл бөлуге уақыт жетті деп ойлаймын.



## ТІЛ – ЕҢ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚ

**А.М.АРЫКОВА,**

*№2 Мәртөк мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, аудандық тілдерді оқыту курсының қазақ тілі пәні мұғалімі.*

Қашан да игі істің басы – тіл. Қай заманда да – тіл – елшінің алмас семсер құралы. Өнер алды – тіл. Тәрбиенің де әдептің де басы – тіл. Ақыл мен білімнің тілмашы да – тіл. Демек, адамның құты – тілден. Әйгілі философ – жазушы Әбіш Кекілбайұлы айтады: «Жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін, рухани ерліккерек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін, рухани байлық керек» деп.

Біздіңше, рухани байлық, рухани ерлік тұлғаның тұла бойына тіл арқылы дарымақ. Демек жақсылықта тілден, жамандықта – тілден.

Тіл-адам өміріндегі ең асыл құндылықтардың бірі. Адам дүние есігін ашқанда, әлі тіл білмейді. Сондай-ақ, нәресте ата-анасының не айтып жатқанын, өзінің не қалайтынын түсіндіре алмайды. Өсе келе, бала тілі жаттығып, айналасындағылармен сөйлесуге тырысады. Нәтижесінде, адамдармен байланысу әлдеқайда жеңіл болады.

Тіл-адамдардың бір-бірін түсінуі және байланысуы үшін қажет. Тілдің арқасында, біз адамдармен сөйлесеміз, түсіндіреміз, кез-келген ақпаратты жет-



кізе аламыз. Әрбір адам ана тілін толықтай білуі тиіс. Тіл адамның ойлау қабілетін жан-жақты дамыту үшін қажет екені дәлелденген. Адам ана тілінде қаншалықты жақсы сөйлесе, оның ой-өрісі соғұрлым терең, бай және жан-жақты болады. Бақытымызға орай, өз тілін құрметтейтін, бағалайтын адамдар жеткілікті. Себебі, олар өз тілін білмесе, келесі ұрпақтарын жоғалту оңай екенін біледі. Және де, тіл әрбір азаматқа ана сүтімен беріліп қалыптасады. Ана сүтімен бойға енген қасиеттер туған тілдің арқасында дамиды. Туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік бала кезден басталу қажет.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» демекші, басқа тілді меңгерудің артықтығы жоқ. Тіл білген адам қор болмайды. Ел мен елді, халық пен халықты байланыстыратын көпірдің бірі де осы тіл. Сол көпірді сақтап қалу үшін, бір-бірінің тілін меңгеруі керек. Қазіргі уақытта республикамыздың барлық өңірлерінде Тілдерді оқыту орталықтары жұмыс істейді. Мемлекеттік тіл саясатын іске асырудың бағдарламасы аясында Мәртөк ауданында «Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы» жанындағы «Тілдерді оқыту орталығы»

**бірнеше жылдан бері жұмыс жасап келеді.** Аудандық орталықта мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, зейнеткерлер, мұғалімдер, кітапханашылар, **полиция қызметкерлері, жеке тұлғалар, ақ халатты абзал жандар мемлекеттік тілді меңгеру курсынан өткендігі туралы атап айтқым келеді.** Менің мақсатым-өзге тілді мақтап, оны дәріптеу емес, тек қазақ жастарының санасын, ой-өрісін, білімін арттырып, кеңістігін ұлғайту. Сөз соңында айтарым, тіл тағдыры- ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық.

Жалпы айтқанда, өз тіліміздің қадір-қасиетін түсініп, мәртебесін көтерейік, Қазақстан кеңістігіндегі көптілділік бұл заман талабы болып отыр. Егер осы көптілділік тиімді жұмыс атқарсын, көптілділік біздің мемлекетіміздің болашағына жұмыс істесін десек, онда көптілділікте басымдылық мемлекеттік тілге берілуі керек. Қалған тіл сол мемлекеттік тілден аспай, керісінше, сол мемлекеттік тілдің әрі қарай дамуына қызмет етуде құрал ретінде пайдаланылу керек.



## ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МӘРТЕБЕСІ

**Г.Н.ЕРЖАНБАЕВА,**

*Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы,  
тілдерді оқыту курсының оқытушысы*

Мемлекеттік тіл мәселесі - өте маңызды, мемлекеттік мәні бар мәселе. Бүгінгі күні мемлекеттік тілді дамыту, оның қолдану аясын одан әрі кеңейту және мәртебесін көтеру мәселесі мемлекет тарапынан кеңінен қолға алынды. Еліміздің қалалары мен аудан орталықтарында қазақ тілін оқыту курстары ашылды. Қазақ тілін оқытудағы басты мақсат – мемлекеттік тілді саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ету.

Осындай орталықтардың бірі- Қарғалы ауданы тілдерді оқыту орталығындағы қазақ тілі курсы. Орталық 2012 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Сол жылдары аудан тұрғындарының көбі өзге ұлт өкілдері мен орыс тілді қазақ бауырларымыздан құралғанды. Сондықтан қазақ тілін оқыту мәселесі ең маңызды мәселелерің бірі болатын.

Мемлекеттік орталықта ересек тұрғындарды қазақ тіліне оқыту тегін жүргізіледі. 2012 жылдан бастап курс арқылы қазақ тілін оқыған адамдардың жалпы саны мыңнан асты. Ағымдағы жылы қазақ тілі курсы 142 адам тәмамдады.

Курс тыңдаушылары оқытудың қарапайым деңгейінен бастап, тілді меңгеру қабілеті мен деңгейіне қарай жоғары деңгейге дейін оқытылады.

«Қарапайым деңгейдің лексикалық минимумы тіл үйренудің бірінші сатысы болып табылады. Бұл деңгейдің сөздері күнделікті өмірдегі жағдаяттарға негізделеді. Тіл үйренуші күнделікті тұрмыста қолданылатын тілдік материалдарды меңгеруі қажет.

Базалық деңгейдің лексикалық минимумы сөйлесу жағдаяттарына және қоршаған өмірге байланысты сөйлеу коммуникациясында пайдаланылатын сөздерді дұрыс қолдануды талап етеді.

Орта деңгейдің лексикалық минимумы сөйлесім жағдаяттары мен қоршаған өмірге сәйкес тақырыптардың стилистикалық бірліктерін әдеби нормаларға сәйкес дұрыс қолдануды үйренуге бағытталған.

Ортадан жоғары деңгейдің лексикалық минимумы әртүрлі сөйлесім жағдаяттары мен әлеуметтік өмірден алынған белсенді сөздер мен сөз тіркестерін әдеби стиль бойынша дұрыс пайдалануына көмегін тигізеді.

Жоғары деңгейдегі лексикалық минимум өмірдің әртүрлі әлеуметтік салаларына байланысты лексикалық бірліктерді еркін меңгеруге және лексикалық бірліктерді әдеби, ғылыми және кәсіби стильде пайдалануға бағытталған»



Сондай-ақ, орталықта курс тыңдаушыларының мемлекеттік тілді меңгеруге көмекші әрі меңгеруге жеңілдік беретін өзінің кәсіби саласына байланысты оқу құралдары мен терминдік сөздіктер, түрлі оқулықтар да бар.

Мемлекеттік тілді оқыту курсы тыңдаушыларымен танымдық, ақпараттық сабақтар өткізіліп, тарихи тұлғалар мен ақын-жазушылардың мерейтойларына, мемлекеттік мерекелерге байланысты байқаулар өткізіледі. Тыңдаушылар қазақ тілін қолдану аясын кеңейтуге, тіл мәдениетін арттыруға бағытталған «Тіл шебері», «Мемлекеттік тіл – Тәуелсіздік символы» байқаулары, «Мен қазақша сөйлеймін» акциясы және т.б. байқауларға қатыс-

тырылып, «Инстаграмм», «Фейсбук» әлеуметтік желілеріндегі орталық парақшасында үнемі көрініс табады. Облыстық, аудандық деңгейде өткізілген байқауларда жеңімпаз атанып жүрген кейбір курс тыңдармандарын атап кетер балсақ: Федь Ю.И., Новосельская О, А., Шibaев А.С. Ивахова Н.С., Джумагалиева О.А.

Соңғы жылдары аудан тұрғындарының, өзге ұлт өкілдерінің, қазақ тілінде сөйлеу, тұрмыстық деңгейде қолдану және білім мен ғылым, мәдениет пен іс жүргізудің тілі ретінде қолдану деңгейі әлдеқайда жоғарылағаны тілді меңгеруге деген көзқарастарының өзгергенін аңғартады. Жалпы, мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді.



## ОТБАСЫ. ЖАСЫ НЕШЕДЕ?

**Ж.А.УМАРОВА,**

*Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының*

*Тілдерді оқу орталығы*

*Мемлекеттік тіл оқытушы*

Топ деңгейі Грамматикалық тақырып	A1 Тәуелдік жалғауы. Жаңа сөздер мен сөз тіркестерімен жұмыс.	
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> <li>Алдыңғы сабақ бойын еске түсіру.</li> <li>Тыңдаушылардың сөздік қорын арттыру.</li> <li>Тәуелдік жалғауын күнделікті өмірге байланыстыра отырып, түсіндіру қарым –қатынаста қолдануға дағдылау.</li> </ul>	
	Сабақ барысы	
Сабақтың басы	Сәлем – сөздің анасы. Сәлемдесу ерекше құрметтің, ілтипаттың белгісі екендігі туралы тыңдаушыларға түсіндіру.	Сөйлемді амандасу үлгісімен толықтырыңыз. 
Үй жұмысы	Өткен сабақты қайталау.	
Жаңа тақырып	Ребуспен жұмыс.	
	Сөздікпен жұмыс.	<b>Сөздік</b> Отбасы - Семья Ата -дедушка Апа,әже - бабушка Әке - отец Ана - мать Аға - Старший брат



		<p>Әпке, апа- старшая сестра                  Сіңлі - младшая сестра (для женщин)                  Қарындас - младшая сестра (для мужчин)                  Іні-младший брат                  Бала -ребенок                  Ұл - сын, мальчик                  Қыз - дочь, девочка                  Балам - сынок, дочка (обращение старших к младшим)</p>																												
<p>Жаңа сабақ бойынша білетіндерін айтады.</p>	<p>«Миға шабуыл»                  «Егер..... , онда не болар еді?» әдісі</p>	<p><b>Берілген сұраққа жауап беріңіз?</b>                  Егер отбасы болмаса, онда не болар еді?                  Егер отбасындағы ең кішісі сен болсаң, онда не болар еді?                  Егер отбасындағы ең үлкені сен болсаң, онда не болар еді?</p>																												
<p>1 - тапсырма</p>	<p>Грамматика.                  Тәуелдік жалғауын есте сақтаңыз.</p>	<p><b>Тәуелділік жалғау (притяжательная форма)</b></p> <p>Тәуелдік жалғау зат есімнің тәуелдік жалғауы заттың, құбылыстың бірінші, екінші, үшінші жаққа тәуелділігін білдіреді.</p> <p>Притяжательная форма имени существительного показывает принадлежность предмета, явления первому, второму либо третьему лицу.</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Жыныс</th> <th>Бірінші жақ</th> <th>Екінші жақ</th> <th>Үшінші жақ</th> <th>Бірінші жақ</th> <th>Екінші жақ</th> <th>Үшінші жақ</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>І жан</td> <td>менікі, маған</td> <td>саған</td> <td>оның</td> <td>Менікі-мені</td> <td>Менікі-саған</td> <td>Менікі-оның</td> </tr> <tr> <td>II жан</td> <td>сіңліңіз, маған</td> <td>саған</td> <td>оның</td> <td>Сіңліңіз-мені</td> <td>Сіңліңіз-саған</td> <td>Сіңліңіз-оның</td> </tr> <tr> <td>III жан</td> <td>оның</td> <td>оның</td> <td>оның</td> <td>Оның</td> <td>Оның</td> <td>Оның</td> </tr> </tbody> </table>	Жыныс	Бірінші жақ	Екінші жақ	Үшінші жақ	Бірінші жақ	Екінші жақ	Үшінші жақ	І жан	менікі, маған	саған	оның	Менікі-мені	Менікі-саған	Менікі-оның	II жан	сіңліңіз, маған	саған	оның	Сіңліңіз-мені	Сіңліңіз-саған	Сіңліңіз-оның	III жан	оның	оның	оның	Оның	Оның	Оның
Жыныс	Бірінші жақ	Екінші жақ	Үшінші жақ	Бірінші жақ	Екінші жақ	Үшінші жақ																								
І жан	менікі, маған	саған	оның	Менікі-мені	Менікі-саған	Менікі-оның																								
II жан	сіңліңіз, маған	саған	оның	Сіңліңіз-мені	Сіңліңіз-саған	Сіңліңіз-оның																								
III жан	оның	оның	оның	Оның	Оның	Оның																								
<p>2-тапсырма.</p>	<p>Айтылым. Тыңдаушылар тапсырманы орындайды. Сөз тіркестерін құраңыз.</p>	<p><b>Менің балам.</b></p> <p>Менің отбасым. Балам, әжем, әпке, апа, ағам, қарындасым, әкем, әпкем, ұлым, қызым. Баламды отбасыма атайы, сөйле.</p> <p>3. Аяқтастырыңыз. Замангерте сөздер.</p> <p>Менің → Оның</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Бұл — менің қарындасым. Күн — _____.</li> <li>Бұл — менің сіңлім.</li> <li>Бұл — менің әпкем.</li> <li>Менің ағам — _____.</li> <li>Бұл — менің інім.</li> <li>Менің отбасыма бар.</li> </ol>																												
<p>3 - тапсырма</p>	<p>Жазылым.                  Отбасы мүшелерін жазыңыз</p>	<p>1. <u>Ата</u></p> <p>2. _____</p> <p>3. _____</p> <p>4. _____</p> <p>5. _____</p>																												
<p>4-тапсырма.</p>	<p>Оқылым. Бүгінгі сабақты қайталау мақсатында берілген диалогты оқып алайық.</p>	<p><b>Арман:</b> Саша, танысып қой. Бұл — менің отбасым. Мынау — менің әкем. Оның аты — Өмірбек. Бұл — менің анам. Оның аты — Үміт. Бұл менің әпкем. Оның аты — Ғалия.</p>																												



		<p><b>Саша:</b> Менің атым – Саша. Танысқанымға қуаныштымын.  <b>Өмірбек:</b> Саша, сабағың қалай?  <b>Саша:</b> Жақсы, рақмет! Сіздің жұмысыңыз қалай?  <b>Өмірбек:</b> Жаман емес.  <b>Ғалия:</b> Саша, сенің отбасыңда кімдер бар?  <b>Саша:</b> Менің анам, әкем, атам бар, бірақ әжем жоқ. Екі інім және бір қарындасым бар.  <b>Ғалия:</b> Қарындасыңның аты кім?  <b>Саша:</b> Оның аты – Катя.  <b>Үміт:</b> Саша, шай ал.  <b>Саша:</b> Рақмет, шайыңыз өте дәмді екен!  <b>Үміт:</b> Рақмет, балам!</p>
Сабақты бекіту	Сөйлем құраңыз. 	
Үйге тапсырма	«Еркін жазу» әдісі. Отбасыңыз туралы шағын мәтін жазыңыз.	



## ҚАНДАЙ ТІЛДЕРДІ БІЛЕСІҢ?



**Б.Т.ҚОЖЫҚОВ,**

Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы


Тілдерді оқыту орталығының оқытушысы

Топ деңгейі	B1																					
Грамматикалық тақырып	Сын есімнің түрлері: сапалық және қатыстық сын есім																					
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> <li>· Сын есімді еске түсіру.</li> <li>· Тыңдаушылардың сөздік қорын арттыру.</li> <li>· Сын есімдерді күнделікті қарым - қатынаста қолдануға дағдылау.</li> </ul>																					
	Сабақ барысы																					
Сабақтың басы	Өткен сабақты қайталау.	<p>Заполните личные местоимения в творительном падеже.</p> <table border="1"> <tr> <td>Именит. падеж Атау септік</td> <td>Творительный падеж Көмектес септік</td> <td>Именит. падеж Атау септік</td> <td>Творительный падеж Көмектес септік</td> </tr> <tr> <td>мен – я</td> <td>менімен – мной, со мной</td> <td>біз – мы</td> <td>бізбен – нами, с нами</td> </tr> <tr> <td>сен – ты</td> <td>сенімен – тобой, с тобой</td> <td>сендер – вы</td> <td>сендермен – вами, с вами</td> </tr> <tr> <td>сіз – Вы</td> <td>сізбен – Вами, с Вами</td> <td>сіздер – Вы</td> <td>сіздермен – Вами, с Вами</td> </tr> <tr> <td>ол – он, она</td> <td>онымен – им, ею, с ним, с нею</td> <td>олар – они</td> <td>олармен – ими, с ними</td> </tr> </table>	Именит. падеж Атау септік	Творительный падеж Көмектес септік	Именит. падеж Атау септік	Творительный падеж Көмектес септік	мен – я	менімен – мной, со мной	біз – мы	бізбен – нами, с нами	сен – ты	сенімен – тобой, с тобой	сендер – вы	сендермен – вами, с вами	сіз – Вы	сізбен – Вами, с Вами	сіздер – Вы	сіздермен – Вами, с Вами	ол – он, она	онымен – им, ею, с ним, с нею	олар – они	олармен – ими, с ними
Именит. падеж Атау септік	Творительный падеж Көмектес септік	Именит. падеж Атау септік	Творительный падеж Көмектес септік																			
мен – я	менімен – мной, со мной	біз – мы	бізбен – нами, с нами																			
сен – ты	сенімен – тобой, с тобой	сендер – вы	сендермен – вами, с вами																			
сіз – Вы	сізбен – Вами, с Вами	сіздер – Вы	сіздермен – Вами, с Вами																			
ол – он, она	онымен – им, ею, с ним, с нею	олар – они	олармен – ими, с ними																			
Үй жұмысы		<p>Жағдаяттық тапсырма  <i>Егер менің құзырымда болса,                  мына нәрселерді өзгертер едім...</i></p>																				
Жаңа тақырып	Сөздікпен жұмыс.	<p><b>СӨЗДІКҚОР</b>                  Ырым – примета                  Тыйым – запрет                  Ырымшыл – суеверный                  Сену – верить                  Сақтандыру – остеречь</p> 																				





		<p>Тәрбиелеу – воспитывать                  Түсінік – понимание                  Жат әдет – плохая привычка                  Дүние – вселение, мир                  Діни – религиозный                  Тәжірибе – опыт                  Салдар – следствие</p> 
<p>Жаңа сабақ бойынша білетіндеріңізді айтыңыздар.</p> <p>1 - тапсырма</p>	<p>«Миға шабуыл», «ПОПС» әдісі</p> <p>Сын есімнің түрлерін есте сақтаңыз.</p>	<p>Ең, ең, ең ...<i>(Тыңдалымалды тапсырма)</i></p> <p><b>”ПОПС” формуласы</b></p> <p><b>Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</b></p>  <ul style="list-style-type: none"> <li>➢ Әлемде қанша тіл бар?</li> <li>➢ Ең көп таралған тіл қандай?</li> <li>➢ Ең қиын тіл қандай?</li> <li>➢ Ең оңай тіл қандай?</li> <li>➢ Сіз қандай тілдерді меңгергенсіз?</li> </ul> <p><i>Ең бай, ең әдемі, ең қиын тілдер қайсы?</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Сұрақтарға жауап берген соң, берілген видеороликтен жеке ой түйіп, "ПОПС" формуласын толтырыңыз.</li> </ul> <p>(Видеоролик)</p> <p><b>"ПОПС" формуласы</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Бірінші сөйлем:</i> "Менің ойымша, ..." .</li> <li>• <i>Екінші сөйлем:</i> "Себебі, мен оны былай түсіндіремін, ..." .</li> <li>• <i>Үшінші сөйлем:</i> "Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын, ..." .</li> <li>• <i>Төртінші сөйлем:</i> "Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ..." .</li> </ul> <p><b>Сын есім: сапалық және қатыстық сын есім.</b></p>  



<p>2-тапсырма.</p>	<p>Керекті сөздерді көп нүктенің орнына қойып жазыңыз.</p>	<table border="1" style="width: 100%; text-align: center;"> <tr> <th style="width: 50%;">Сапалық сын есім</th> <th style="width: 50%;">Қатыстық сын есім</th> </tr> <tr> <td>Көк шөп</td> <td>Өнерлі жігіт</td> </tr> <tr> <td>Тұщы су</td> <td>Орманды алқап</td> </tr> <tr> <td>Қызыл бояу</td> <td>Тәртіпті оқушы</td> </tr> </table> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px;"> <p style="text-align: center;"><b>Сын есім I- деңгей</b></p> <p><i>1/ Сын есімдерге сұрақ қой</i>  <i>Аңы, биік, балапан, ту, таяз, қызық, ақ, әдепті, , құстар, жақсы</i></p> <p><i>2/ Сын есімді тауып жаз:</i></p> <p>..... қант                      .....бала          .....көше                      ..... алма          .....аспан                      .....ат</p>  </div>	Сапалық сын есім	Қатыстық сын есім	Көк шөп	Өнерлі жігіт	Тұщы су	Орманды алқап	Қызыл бояу	Тәртіпті оқушы
Сапалық сын есім	Қатыстық сын есім									
Көк шөп	Өнерлі жігіт									
Тұщы су	Орманды алқап									
Қызыл бояу	Тәртіпті оқушы									
<p>3 - тапсырма</p>	<p>Диалог</p>	<p><b>(Бейнематериал)</b>  <b>Өз дауысыңмен дыбыста</b>  <b>Кеңесші:</b> Сәлеметсіз бе, сізге менің көмегім керек пе?  <b>Сатып алушы:</b> Қайырлы күн, иә, маған көмектесіп жіберіңізші, принтер сатып алайын деп едім.  <b>Кеңесші:</b> Бізде принтерлер өте көп. Қажеттісін таңдау үшін, шығаратын құжаттарыңыздың пішімін анықтап алған жөн.  <b>Сатып алушы:</b> Біз негізінде А4 пішімді құжаттармен жұмыс істейміз.  <b>Кеңесші:</b> Ендеше сізге монохромды лазерлі принтер алу керек. Жүріңіз, мен сізге сондай принтердің үлгілерін көрсетейін.  <b>Сатып алушы:</b> Тұра тұрыңызшы, ал құжаттардың көшірмесін жасау, немесе сканерлеу қажет болса ше? Сосын осы суреттерді де басып шығара беретін принтер бар деп естідім.  <b>Кеңесші:</b> Онда КФҚ сатып алыңыз.  <b>Сатып алушы:</b> КФҚ деген не?  <b>Кеңесші:</b> Сканермен біріктірілген көп функционалды құрылғы. Қазір мұндай принтерлер қымбат та емес.  <b>Сатып алушы:</b> Ондай принтер қанша тұрады?  <b>Кеңесші:</b> Бұл өзіңіз таңдаған принтердің түрі мен фирмасына байланысты. Түрлі түсті лазерлі принтерлер де бар, бүріккіш принтерлер де бар.  <b>Сатып алушы:</b> Мен алты түсті бүріккіш принтерді аламын деп ойлап тұрмын. Оны несиеге сатып алуға бола ма?  <b>Кеңесші:</b> Әрине, болады.  <b>Сатып алушы:</b> Керемет, онда сатып аламын.  <b>Кеңесші:</b> Олай болса, сіз кассаға бара беріңіз. Мен принтерді сонда әкеліп беремін.</p> 								
<p>Айтылым</p>	<p>Бүгін сабақты бір қайталап алайық.</p>	<p>Мәтінді мұқият оқып, сын есімдерді тауып айтыңыз.</p>								



		<p>Химия саласының маманы Като Ломб әлемдегі ең алғашқы синхронды аудармашылардың бірі. Ол еш қиналмастан 8 тілді еркін аударуға алатын болған және 16 тілде еркін түсініп, жұмыс істеді. Өзінің “Мен қалай тіл үйренемін” атты бестселлерінде тіл үйренуге арналған 10 ережені тізіп көрсетті.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тілді үйренумен күн сайын айналысу қажет. Тап бір бұлшық еттерді жаттықтыру үшін спортзалда жүргендей сезініңіз. Жаңа сөздерді қайталауға немесе оқуға кем дегенде 10-15 минут уақыт бөліңіз.</li> <li>2. Тілді үйренуге деген құлшынысыңыз тез әлсіреп кететін болса өз алгоритміңізді жасап қойыңыз. Мәселен, біршама уақыт оқып болған соң музыка тыңдаңыз, үзіліс жасап, серуенге шығып келіңіз.</li> <li>3. Мәнмәтіннің (контекст) рөлі зор. Ешқашан жеке сөз жаттамаңыз, тек қана мәнмәтін бойынша. Мысалы, «strong wind» тіркесін жаттап алсаңыз, еске түсіруге келгенде бір сөз екіншісін шақырып тұрады.</li> <li>4. Дәптеріңізге дайын сөз орамдарын жазып жүрудің пайдасы зор. Және сол сөздерді қарапайым диалогтарда пайдалануға тырысып бағыңыз.</li> <li>5. Көзіңізге ілінген дүниелердің бәрін – жарнамалар, әндерден үзінді, диалогтар, газет мақалаларының тақырыбын ойша аударып жүріңіз. Қарапайым әрі пайдалы! Соңында: Сексен алты жасқа толған Като Ломб елу төрт жастағы досын көргенде: “Стив, сен сондай жассың! Сенің алдында бірнеше тілдерді үйренуге болатын уақыт бар!” - деген екен.</li> </ol>
<p>Сабақты бекіту</p> <p>Үйге тапсырма</p>	<p>Қарсы мағынадағы сын есімдерді жазыңыз.</p> <p>Берілген тақырыпта креативті эссе жазыңыз.</p>	<p>II- деңгей</p> <p>1/ Қарсы мағынадағы сын есімді жаз:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>*Бийік-</li> <li>*Жас-</li> <li>*Ащы-</li> <li>*Үлкен-</li> <li>*Ыстық-</li> </ul>  <p>“Менің тілім ең бай тіл”.</p> <p>Берілген тақырыпта креативті эссе жазыңыз.</p>
		
<p>Қорытынды</p>		

**Т. АЙБЕРГЕНОВ: «БІР ТОЙЫМ БАР»****Ж.А.ЖИЕНГАЗИНА,**

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Ащылысай орта

мектеп-балабақшасы

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі



Сабақтың тақырыбы:	Т.Айбергенов «Бір тойым бар»
<b>Сынып: 8</b>	Қатысқандар: Қатыспағандар:
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары: (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	8.Т.5.тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау; 8.3.3.1 Прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру.
<b>Сабақтың мақсаты</b>	1. Тірек сөздер арқылы өлеңнің негізгі ойын анықтайды; 2. Прозалық шығарманың композициялық құрылымын анықтайды 3. Лирикалық кейіпкерлердің іс-әрекетіне және олардың образына баға береді;


**Сабақ барысы**

Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау әдістері	Ресурстар
<b>Білу Түсіну</b>	<p><b>Ұйымдастыру кезеңі.</b> Амандасу. Көтеріңкікөңіл-күй орнату үшін «Менің көңіл - күйім» жаттығуы орындалады. Мақсаты: оқушылардың көңіл - күйін игере білуге және басқаруға, қадағалауға, дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Оқушылар алдарындағы бланкіге өз көңіл – күйлерін суреттеп салады.</p> <p><b>«Миға шабуыл» әдісі</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақ халқының қандай салт-дәстүрлерін білесіңдер?</li> <li>- Салт-дәстүрлерге байланысты не ұйымдастырылады?</li> <li>- Сендер қандай тойларда болдыңдар?</li> </ul> <p><b>«Суреттер сөйлейді»</b> ұ) әдісі. Оқушылар тақтадағы суреттер арқылы сабақтың тақырыбын анықтайды.</p>    	<p>Оқушылар алдарындағы бланкіге өз көңіл – күйлерін суреттеп салады.</p> <p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Оқушылар суретке қарап салт-дәстүр атауларын атайды. Ортақ тақырып қояды.</p>	<p><b>ҚБ. «Үш шапалақ»</b> әдісі.</p>  <p><b>ҚБ. «Үш шапалақ»</b> әдісі.</p>  <p><b>ҚБ. «Үш шапалақ»</b> әдісі.</p> 	<p>«Менің көңіл - күйім» жаттығуы</p> <p>«Миға шабуыл»</p> <p>Суреттер сөйлейді</p>



	Бүгінгі сабақта Т.Айбергеновтың «Бір тойым бар» өлеңін жалғастырамыз.			
Қолдану Талдау	<p>Тыңдалымалды жұмыстары. Сөздікпен жұмыс: <b>«Есте сақта»</b> әдісі. <i>дәл қай күні – точно в какой день айта алмаймын – не могу сказать билетней қайтармаймын – не отпущу пока не станцуйете</i> <i>ұран - девиз</i> <i>қарт – старик</i> <i>бір ән салмай – не спев одну песню</i> <i>жиырма бес – 25 (молодые люди,</i> <b>Бағалау критерийі:</b> жаңа сөздерді аударып, сөз тіркесін, сөйлем құрастырады. Дескриптор: -Жаңа сөздердің аудармасын табады; -Сөз тіркесін, сөйлем құрастырады. <b>Тыңдалым, Оқылым кезеңі:</b> «Бір тойым бар» өлеңінің жазылу тарихы айтылады. Өлеңді мұқият тыңдап, басты ақпараттарға назар аударыңыз. <b>Бағалау критерийі:</b> өлең үзіндісін мәнерлеп оқиды, мазмұнын айтады. Дескриптор: Берілген үзіндіні мәнерлеп оқиды; Мазмұнын айтады. <b>Оқылымнан кейін:</b> <b>«Жоспар тізбегі»</b> әдісі Берілген сөйлемдерді рет-ретімен орналастыр</p>	<p>Жаңа сөздермен танысып, сөз тіркесін құрастырады.</p> <p>Өлеңді тыңдайды, мәнерлеп оқиды.</p> <p>Өлең мазмұны бойынша жоспарды рет-ретімен құрайды.</p> <p>Өлеңдегі негізгі тірек сөздерді тауып айтады.</p>	<p><b>ҚБ. 2</b></p> <p><b>ҚБ. 1</b></p> <p><b>ҚБ. 3</b></p> <p><b>ҚБ. 26</b></p>	<p>Сөздік</p> <p><a href="https://www.youtube.com/watch?v=a25xepIvNno">https://www.youtube.com/watch?v=a25xepIvNno</a></p> <p>Оқулық</p> <p>кеспе қағаз</p>
	Кемпірлер қыз күнін сағынады.			
	Бір тойым болады.			
	Ешкім билемей қайтпайды.			
	Жігіт қыз қууға қатысса, ат беремін.			
	Барлық палуанға бәйге беремін			
	Сол күні рақаттанып бір күлемін.			
	Қариялар ән салса, қайтады			
	<b>Бағалау критерийі:</b> Өлең мазмұны бойынша жоспарды рет-ретімен құрастырады. Дескриптор: - Жоспарды дұрыс құрастырады;			



	<p>ҚБ. 2 б  <b>«Кластер» әдісі</b>          Өлеңдегі тірек сөздерді тауып, автордың іс-әрекетін анықтаңдар.</p>  <p><i>Мысалы:</i> бір тойым, қай күні, ұран сондай, айта алмаймын, билетпей қайтармаймын, ән салмай, үлгі етемін.  <b>Бағалау критерийі:</b> тірек сөздер арқылы негізгі ойды анықтайды;          Дескриптор:          - өлеңнен тірек сөздерді табады;          - негізгі ойды бір сөз, сөз тіркесімен көрсетеді;          ҚБ. 2 б          Өлең кейіпкеріне, оның іс әрекетіне баға бер.          Қонақжай, көпшіл, жомарт..  <b>Бағалау критерийі:</b> Сын есімдерді пайдаланып, ақынды сипаттайды, мінездеме береді.          Дескриптор:          - ақынға мінездеме береді;          ҚБ. 2</p>	<p>Ақынға мінездеме жазады.</p>	<p><b>ҚБ.2</b></p>	<p>Оқулық</p> <p>Оқулық</p>						
<p>Жинақтау Бағалау</p>	<p><b>Кері байланыс:</b>  <b>«Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңдар.</b></p> <table border="1" data-bbox="391 1429 767 1574"> <tr> <td>Қандай ой пайда болды?</td> <td>Не сезіндім?</td> <td>Не ұнады?</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </table> <p><b>Үйге тапсырма:</b> 9-тапсырма, 46-бет</p>	Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?				<p>«Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырады.</p>		<p>«Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесі</p>
Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?								
<p>Қосымша ақпарат</p>										
<p>Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз?Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?</p>	<p>Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс: денсаулық және қауіпсіздік, АҚТ- мен байланыс, құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі)</p>								



<p>Батыр туралы көркемдегіш құралдарды қолданып өз ойын дәлелдейді. Берілген сөз тіркестерінен сөйлем құрайды Суреттерді сөз тіркестерімен сәйкестендіреді</p>	<p>Тарих пәнімен байланысы Бар Интерактивті тактадан суреттер көрсетіледі. АҚТ Құндылықтарды жинақтау бөлімінде қолдандым.</p>
<p><b>Рефлексия</b> Сабақ мақсаттары/ оқу мақсаттары қол жетімді ма? О қ у ш ы л а р бүгін не үйренді? Сабақтағы ахуал қандай болды? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? Уақыт есебінен ауытқу болды ма? Жоспарға қандай өзгеріс енгізілді?</p>	<p><b>Өткізген сабақ туралы ойлану үшін төмендегі орынды пайдаланыңыз. Сол жақтағы сіздің сабағыңызға қатысты сұрақтарға жауап беріңіз.</b></p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;">    </div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; margin-top: 10px;">   </div>





## ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

### АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**К.К.КАЙПОВА,**

*«Ә.Марғұлан атындағы №71 ЖББОМ» КММ-нің  
ағылшын тілі пәні мұғалімі*



Рефлексия сөзі латын тілінен аударғанда reflexio- кейінге айналым мағынасын білдіреді. Бұл терминді Джон Локи XVII ғасырда енгізген. «Рефлексия – адамның өз істерінің мәнін түсініп, оны ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі.

Рефлексия мақсаты – еске түсіру, өзінің сабақ бойындағы іс-әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Кері байланыс жүргізу бір күннің іс-әрекеті емес, оған көп уақыт, ізденіс қажет. Мұғалім рефлексия арқылы алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдеп, қолданылған әдіс-тәсілдерінің тиімді не тиімсіз болғанын анықтап, орындалған іс-әрекетін зерделейді. Ең алдымен, мұғалім кері байланыс жасауға оқушыларын дағдыландырып алу қажет. Сонда ғана бұл оң нәтиже береді. Оқушылардың ой-өрісінің дамуы оқу үрдісі кезінде болады, ол оқушының өз бетімен толықтыруы мен өзін-өзі дамытуды қамтиды. Оқушы білім алудың мақсатын саналы түрде түсінсе ғана белсенді бола алады. Қолайлы оқу үшін адамдарға кері байланыс пен мадақтау қажет, сондықтан кері байланыс жүргізілуі тиіс. Ашық сауалдар, оқыту міндеттерімен алмасуы сияқты әдістер оқушылардың өз біліміне белсенді қатысу қабілетіне әсер етеді. Оқушылар жұппен де, өз беттерімен де өз білім деңгейлерін бағалауға және оған жеткенін түсінуге мүмкіндіктер бар.

Рефлексияны әр түрлі әдіс-тәсілдермен сабақтың әр кезеңінде: тақырыптың соңында, сабақ бөлімдерінен кейін және тарау соңында жүзеге асыруға болады. Кері байланысты түрліше өткізуге болады: топтық рефлексия түрінде, әнгімелесу түрінде т.б. Кері байланысты ауызша және жазбаша да жүргізуге болады.

Сабақтағы кері байланыстың түрлері

1. Көңіл-күймен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған кері байланыс. Көңіл-күйді білдіретін әр түрлі суреттер, смайликтер және бояу түстерімен анықтау. Мысалы: «Ауа райы», «Бағдаршам», «Алма ағашы». Мысалы «Алма ағашы»

әдісінде оқушыларға сабақ басында түрлі түсті алма беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма – мен бүгін бәрін жақсы орындадым, сондықтан көңіл-күйім көтеріңкі, қызыл түсті алма – мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл-күйім жоқ дегенді білдіреді. «Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (қуаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, рахаттану, алаңдау)

2. Сабақтағы іс-әрекетке байланысты кері байланыс. Мысалы: «Табыс сатысы» әдісінде кәдімгі сатының суреті беріледі.

1- баспалдағы Мен..... БІЛЕМІН:

2- баспалдағы Мен ..... ТҮСІНЕМІН:

3- баспалдағы Мен ..... ЖАСАЙ АЛАМЫН:

3. Оқу материалының мазмұнына берілетін кері байланыс. Бұрын мен білмеуші едім. Енді мен білемін деген сияқты ой-пікірлерін білдіру боп табылады. Мысалы: «Плюс, Минус, Қызықты». «Плюс»-оң әсер еткен фактілерді, алған білімдері жайлы, «Минус»-қолымнан келмей жатыр немесе түсініксіз болып тұр деген ойларын, «Қызықты» – деген бағанға өздеріне не қызықты болды соны немесе не жайында көбірек білгісі келетінін жазады. Дұрыс жүргізілген кері байланыс арқылы оқушылардың өзіндік пікірін білуге болатынын және мұғалімнің кері байланыс жасай отырып, өз ісіне сыни көзбен қарайтыны туралы баяндалады.- Жоғарыда келтірілген кері байланыс түрлері жеке оқушының жұмысына бағытталған. Сонымен қатар оқушылардан топтық кері байланысты алуға болады. Негізінен рефлексия адамның үш қасиетін: өз бетімен білім алуын, шешім қабылдай білуін, бақталастыққа түсе білуін қалыптастырады. Өйткені



бұл -XXI ғасырдың талабы. Сонымен қатар, кері байланыс арқылы оқушылар өз-өзіне есеп беріп, өз-өзін реттеуге дағдыланады. Оқушылар ойлауға, сөйлеуге, өзін-өзі дамытуға еркін қол жеткізе алады. Кері байланыс жасауға сабақтың белгілі бір уақытын бөліп, олардың ой-пікірлерін шыдамдылық танытып тыңдау қажет. Кері байланыс жасау арқылы бұрынғы сабақтарда енжар отыратын оқушының себебін анықтап, олардың белсенділігін арттыруға жол іздеуге болады. Кері байланысты жасағанда мына жайттарды есте ұстаған жөн: кері байланысты жұмысымызды жақсартудың ең тиімді нысаны ретінде сабырлылық таныту, кері байланыстың субъективті болатынын ескеру, кері байланыс жасалған істі бағалау емес, не жасалу керектігін көрсету. Сонымен бірге кері байланыс оқумен оқытудың қалай жүріп жатқандығын, оның сапасын анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, рефлексия – көп қырлы, кіріккен әрекет. Бұл әрекет оқушының психикалық қызметінің өзгеруіне ықпал етсе, ал мұғалімнің кәсіби әрекетін жоғары шығармашылық деңгейде жүргізуіне көмегін тигізеді. Рефлексия яғни кері байланыс- нәтижелі білімнің жоғары көрсеткіші екенін бүгінгі күндегі оқушылардың жеткен жетістіктері арқылы толық сеніммен айта аламыз. Бүгінгі

таңда күнделікті сабақтарымызда рефлексия жасауды дағдыға айналдырып келеміз. Рефлексия арқылы оқушының қажеттіліктерін біліп, оларды жинақылыққа тәрбиелеуге болатынын түсіндік. Сабақтағы оқушының ой-пікірін, көңіл-күйін біліп қана қоймай, сабақ мазмұнын қай деңгейде меңгергенін анықтауға болады. Сонымен, кері байланыстың тиімділігіне тоқталар болсақ: біріншіден, рефлексия-оқушыны өз-өзіне есеп беруге баулиды; екіншіден, рефлексия арқылы оқушының қажеттілігін біле аламыз; үшіншіден, рефлексия арқылы оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасады; төртіншіден, рефлексия арқылы білім беру барысының сапасын жақсартуға болады және рефлексияның нәтижесінде оқушының сыни көзқарасы қалыптасады, өз-өзіне баға бере алады. Сондықтан кері байланыстың тиімділігі арқылы оқыту мен оқу сапасын жақсартуға болады деп ойлаймын.

#### Пайданылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші басылым – 2012 жыл
2. «Оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемесі» – Зулкашева Ш.М. Орал 2013
3. «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» журналы №8



## БАСТАУЫШ СЫНЫПТА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

**Д.А. ЗАЙНЕНОВА,**

*Алға ауданы,*

*Сарықобда орта мектебінің*

*ағылшын тілі пәні мұғалімі*

Ағылшын тілі - Әлемдегі тілдер арасынан көркемдігі мен бейнелілігі, тазалығы мен сөздік құрамының молдығы жөнінен дамыған тілдердің бірі. Еліміздің шет елдермен қарым-қатынасымыз күшейіп отырған қазіргі заманда жастардың шет тіліне қызығуын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру басты міндет. Демек, жастарымыздың ағылшын тілін білуі – уақыт талабы. Шетел тілі қазіргі кезде заман талабына сай көптеген мектептерде тереңдетіп оқытылуда, жүргізілуде. Бұл оқушы бойында ерте кезеңнен бастап ұлтаралық, мәдениетаралық бірлестікке дайындықтың қалыптасуына тікелей ықпал етеді.

Шетел тілін бастауыш сыныпта үйрене отырып, оқушы өз білімін шыңдайды, басқа ел туралы кең көлемде мағлұматтар алады, салт-дәстүрін, мәде-

ниетін таниды. Шетел тілін бастауыш мектептен бастап оқытудың артықшылығы – әрбір балаға психологиялық ойлауына, шет тілі сөзіне көңіл аударуына, түсінуіне оң әсер ететіндігі, содан соң негізгі мектепте білімін берік нығайтуын, білім сапасын арттыруға мүмкіндік беретіндігінде. Бастауыш сынып оқушыларының шет тілін үйренуге ынтығасы өте зор болады. Олар шет тілінде сөйлегісі және түсінгісі келеді. Олар көптеген жаттығуларды орындайды және олармен сабақ үстінде көп жұмыс жасауға мүмкіндік бар. Бастауыш сыныпта ауызша оқуға көп көңіл бөлінеді. Әрине, оқу процессінің тыңдау, сөйлеу, жазу, оқу түрлері де беріледі. Бастауыш сынып оқушыларының тілі толық дамып жетілмегендіктен әрине, ағылшын тілі бақысында қиынырақ сезілгенімен, соңына келе біртіндеп қалыптасып, жатық әрі әдемі шет тілінде сөйлеуіне болады. Бастауыш сынып оқушылары ауыр сабақ жүгін алып жүре алмайтындықтан, біз балаларды ағылшын тілінен жалықпауы үшін көбінесе жаңаша әдіс-тәсілдермен тәрбиелеуіміз қажет.



Ағылшын тілі сабағында оқушылардың тілін дамыту, білім-білік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру мақсатында қолданылатын әдістерге төмендегілерді жатқызуға болады:

1. Ауызша әдіс – теория және фактіге негізделген білімді қалыптастыруда, үй тапсырмасын және жаңа сабақты пысықтауда, ережелерді қайталауда пайдаланылады.

2. Көрнекі әдіс – бақылау қабілетін дамыту, оқылатын мәселеге ықыласын көтеру және оқу материалының мазмұнын көрнекілік арқылы түсіндіруде қолданылады.

3. Практикалық әдіс – практикалық іскерлік пен әдетті дамыту үшін және тақырып мазмұнына сәйкес практикалық жұмыстарды жүргізу үшін түсіндірілген материалды оқушылардың қаншалықты меңгергенін бақылау үшін пайдаланылады.

4. Ойын әдісі – оқушының сабаққа деген қызығушылығын оятып, белсенділіктерін арттыра түседі, сонымен қатар оқушылардың сөйлеу-білік дағдыларын қалыптастырады. Аталған әдістерді пайдалана отырып, түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды, теориялық мәселелер мен қағидаларды оқушыға меңгерту тиімді болып табылады.

Шет тілін үйрету ауызша үйретуден басталады. Әуелі шет тілінің фонетикасының тек өзіне тән дыбыстарымен танысады, оның дауыс ырғағы, екпіні, ритмі үйретіледі. Жаңа әліпби, әріп ерекшеліктері ескерілді. Тілдің әріптер мен дыбыстарын үйренгеннен кейін сөздердің жазылу-оқытылуын үйрене отырып, сөйлем құрастырып, сөйлеуге қолдана бастайды. Яғни, сараптамалық ойлаудан синтетикалық ойлауға ауысады. Бұл әдістің жетістігі – тілді үйренудің оқу, жазу, сөйлеу сияқты барлық түрлерін түгел қамтиды. Сондықтан бастауыш сынып оқулықтары ауызша бөлімнен басталады. Оқушылар мұғалімді тыңдай отырып, жаңа сөзді бірнеше рет естиді, жекелеп айтады. Бастауыш сыныптарда бірінші орынға оқып-түсіну және аудару қойылады.

1-ші сыныптың оқушысы мынаны білуі тиіс:

- Суретті бейнені айта алу
- Қысқа сөздерді айта алу
- Әріптерді айта білу
- Сұрақтарға жауап беру

Жазбаша оқытуда мынадай талаптар қойылады:

- мәтінді көшіріп жаза білу
- қысқа сөйлеуді жаза білу

2-ші сыныптың оқушысы ауызша сөйлеуден мынаны білуге тиіс:

1. Мұғалімнің сөзін түсіну
2. Өткен тілдік материалдар негізінде сұрақтарға жауап беру
3. Суретті бейнелеу және сұрақтарға жауап беру
4. Ауызша әңгіме айта білу

5. Тақпақты жатқа айта білу

3-сыныпта бұл талаптар ұлғайды:

1. Мұғалімнің айтқанын түсіну
2. Мәтінді түсіндіре білу
3. Сұрақ қою, оған толық және қысқа жауап беру

Шет тілін оқыту – мұғалімнің үздіксіз еңбегінің және оқушының оған жауабының тізбегі. Шет тілін үйренуде оқушы мынадай кезеңдерден өтеді:

I.а) Қабылдау

Бұл кезеңде мұғалім сөйлейді. Оқушы мұғалімнің сөзін тыңдайды. Мысалы сынып бөлмесіндегі заттарды көрсетіп, оларды атайды.

ә) Мұғалім сөйлейді. Оқушыларға тапсырма береді. Мысалы: «Дауыс ырғағына назар аударыңыз».

б) Бұйрықтарды орындау жаттығулары.

Мұғалім оқушыларға бұйрықтар береді.

Мұғалім бұйрықтарды ымдап түсіндіреді.

Мұғалім сұрақ қояды. Оқушылар тек «Иә» не «Жок» деп жауап береді.

II. Қабылдау – еліктеу.

Мұғалім сөйлейді. Оқушылар қайталайды.

III. Әңгімелесу.

Оқушы әртүрлі сұрақ қойып, оған жауап беруді үйренеді.

IV. Сөйлеу

Мұғалім оқушымен ағылшын тілінде сөйлейді.

Ағылшын тілін бастауыш сыныпта үйрету барысында музыканың ықпалы зор. Ән тілдік қарымқатынас құралы ретінде жаңа сөздер мен сөз тіркестері құралып оқушының сөздік қорының молаюына ықпал етеді. Ән, өлең тыңдау кезінде таныс лексика оқушы есінде тез жатталады. Шет тілінде ән айтып үйрену барысында оқушы дыбыстарды дұрыс атап үйренеді, сөйлемге дұрыс екпін қояды. Әнмен жұмыс барысында оқушының көңіл-күйі көтеріліп, тілге деген қызығушылығы арта түседі. Сабақ барысында әндер орындатқанда, оқушылардың мұқият жас ерекшелігі ескеріліп, таңдап алынуы тиіс. Сонымен қатар электронды оқулықтардың пайдасы өте зор. Сабақта электронды оқулықтарды пайдалану арқылы оқушының шығармашылық қабілетін арттыруға, ізденісін ұлғайтуға, танымдық көзқарасын қалыптастыруға, өзіндік жұмыстарды тез орындауға машықтанады.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. « Ойын әрекеті арқылы белсенділікке баулу ». Петров А.В 2001 ж.19-22 бет
2. « Бастауыш мектептегі ойығ технологиясын арқылы оқыту ». Калмыкова Е.В 2007 ж.5-8 бет
3. «Бастауыш мектепте шет тілін оқытудың теориясы мен техникасы » Оқу-әдістемелік кешен. 2014 ж.Семей.
4. Қойшығұлова Л. Ағылшын тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану // Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі. —2014.



## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

**А.Т. КУЗДЕНБАЕВА,**

*Алға қаласы,*

*№4 Алға орта мектебінің*

*бастауыш сыны мұғалімі*



Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйренетін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз. Дамыта оқыту деп – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқытуды атайды. Оқыту арқылы баланың психикасында жаңа құрылымдар пайда болуы, яғни, жаңа сапалық өзгерістер болуы тиіс деп есептейді. Сондықтан да жаңа сапаға ие, шығармашыл, қабілетті адамдар тәрбиелеу үшін дамыта оқыту жүйесін ең негізгі басшылыққа алар нысана деп білеміз. Оқыту барысында баланың ақыл-ойын, қиялын т.б. танымдық үрдістерін дамытып қоймай, баланы әртүрлі әрекеттің субъектісі болып қалыптасуын қамтамасыз етуді алдыңғы қатарға шығарды. Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту үрдісінде оқушы оқу әрекетімен шұғылданып, теориялық ойлауға икемделеді, білімді өзі меңгеруге мүмкіндік алады. Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда танымдық іс-әрекетті ұйымдастырып, оқушының шығармашылығын арттырады. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Осыған байланысты Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтардың жасаған жүйесі үш негізгі құраушыдан тұрады. 1. Оқу мақсаттарының қойылуы. 2. Оны шешу жолын бірлесе қарастыруы. 3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеуі. Сабақты жақсы оқитын оқушылармен ғана белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек ету ойластырылса, әр оқушының оқуға деген қызығушылығы артады. Дамыта оқыту ұлы неміс педагогы А.Дистербергтің әйгілі «Неміс мұғалімдерінің білім беру ісіне басшылық» атты еңбегінің де негізі болып табылады. Дамыта оқыту

деп ол баланың білім алуға әрекет етуін ұйымдастыратын оқытуды атаған. «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді»-деген. Ал ойлауға үйрететін сабақты дамыта оқыту сабақтары деп білеміз.

Білім негізі бастауыштан басталатыны белгілі. Бастауыш сынып оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады. Сондықтан оқу мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңарту бағытында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан-жақты іздене отырып, өз алдыма мынандай мақсат қойдым: «Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын оятып, танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау». Әр сабағымды қызықты, өзгеше өткізу үшін, әр пән бойынша көптеген жұмыстар жасауға тура келеді.

Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни, оқушылардың белсенділігі ауызша, жазбаша жұмыстарда, бақылау эксперименттер жүргізу жұмыстарында, бір сөзбен айтқанда, оқу үрдісінің барлық кезеңінде қажет. Таным – ойдың білмеуден білуге қарай дәл емес, білуден неғұрлым толық дәл білуге қарай ұмтылатын ой-өрісінің күрделі үрдісі. Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Танымдық әрекеттің белгілі бір ғылым саласымен тандаулы қатынасы, танымдық әрекеті, оларға қатысу және қатысушылармен танымдық қарым-қатынасы маңызды келеді. Сонымен бірге, адамның барлық жоғарғы таным процестерінің өзінің даму деңгейінен белсендіруде танымдылық бел-



сенділік тұлғаның шындықты қайта құру әрекеті нәтижесінде ұдайы ізденіске жетелейді. Баланың жеке тұлғасында танымдық белсенділігінің дамуы бес-алты жас аралығында қарқынды келеді. Бұл әсіресе баланың логикалық тапсырмаларды белсенді орындауы, жауап кілтін табуға ширақ келуі, білуге деген ұмтылысы танымдық ойындар арқылы оқу әрекетінің міндеттерін шешуде айқын көрінеді. Оқу үрдісінде оқушының белсенділігі, негізінен екі түрлі сипатта болады: сыртқы және ішкі белсенділік. Сыртқы белсенділік дегеніміз – оқушы әрекетінің сыртқы көріністері (белсенді қимыл қозғалыстары, практикалық әрекеттері, мұғалімге зейін қойып қарауы, әрекеті т.б.) бірақ осы кезде ол басқа нәрсені ойлап отыруы да мүмкін. Оқушының ішкі белсенділігіне оның белсенді түрде ойлау әрекеті жатады.

Оқушы белсенділігі қандай болғанда да ой дербестігіне сүйенеді. Оқыту үрдісінде оқушылардың

белсенділігін дамытуды мақсат еткен мұғалім сабақтың барлық кезеңдерінде олардың ой дербестігін дамытуға тырысады. Оқушыда белсенділік бір қалыпта болмайды, оның қарапайым және күрделі шығармашылық т.б. белсенділік түрлері болады. Ол оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттырып, шығармашылыққа дамытады. Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда оларды білім деңгейлеріне қарай топқа бөліп, әрқайсысымен жекелеп жұмыс жүргізудің маңызы зор.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бастауыш мектеп журналы №5 1998 ж.
2. Бастауыш мектеп №3,4 2010 ж.
3. Дамыта оқыту технологиялары Б.А.Тұрғынбаева «Алматы» 2000 ж.
4. Қазақстан мектебі, Алматы №8 2003 ж.





## ҮЗДІК САБАҚ

### АТА – БАБАНЫҢ АСЫЛ АРМАНЫ

**А.Т.АЙТМАГАМБЕТОВА,**

*Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі*

Класы	9			
Пәні	қазақ тілі			
Бөлім атауы	Мәңгілік Ел – мұратым. Стилистика			
Оқу мақсаты	9.3.2.1. мақсаты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру. 9.4.1.1. мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу			
Сабақ мақсаты	әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыра алады, тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады			
Ойлау дағдыларының деңгейі	Төменгі деңгей, қолдану			
ЕҚББ	Ойын толық жеткізуде кідіріс бар бала			
<b>Сабақтың кезеңі/ уақыт</b>	<b>Педагогтің әрекеті</b>	<b>Оқушының әрекеті</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы</b>	«Үш сұрақ: Қалай? Қайда? Қандай?» әдісі Мақсаты: жаңа ақпарат алуға ойларын жинақтайды. 1. «Ел», «мұрат», «тіл» сөздері таратады. 2. Ортақ сұрақ қойылады: 3. <i>Қолдарыңыздағы таратылған сөздердің мағынасын қалай түсінесіздер?</i> 4. <i>Бұл терминдерді сіз бұрынғырақта қайда кездестіріп едіңіз?</i> 5. <i>Өз өміріңізде бұл ұғымдарды қандай мағынада қолданар едіңіз?</i> -ұғымдардың бүгінгі сабақ тақырыбымен байланысы бар ма? -Қандай пікір айтар едің -Сабақ тақырыбы болжанады.	-ұғымдармен танысады - Мағынасын жұбымен талдайды -берілген сұрақтарға жауап іздейді - ортақ ойларымен бөліседі -сұраққа пікірлерін білдіреді -Тақырыпты болжайды	Өзін өзі бағалау	Экраннан сұрақтар көрсетіледі
<b>Сабақтың ортасы</b>	«Ойлан, жұптас, топтас» әдісі <b>Тапсырма:</b> түрлі жанрда мәтіндер құрастырады 1.Мәтіннің жанрлық түрлеріне	1.Топ тапсырмамен жұмыстанады 2.Жеке пікір қалыптастырады 3.Жұппен талқылайды	Бағалау критерийі: <i>әр түрлі жанрда берілген</i>	Оқулық 



	<p>шолу жасайды, естеріне түсіреді</p> <p>2. Оқулықтағы ақпаратты қолданады</p> <p>3. Жеке жұмыс жасайды</p> <p>4. Сынып 3 топқа бөлінеді, бір топқа тапсырма жеке беріледі</p> <p><b>I-топ:</b> «Мәңгілік Ел», «Мәңгілік Елдің мұраты» ұғымдарын пайдаланып әңгіме құра.</p> <p><b>II-топ:</b> Мәңгілік Ел мұраты не болуы мүмкін? Болжап ертегі жаз</p> <p><b>III-топ:</b> Мәңгілік Елдің мұратын сипаттап жаз</p> <p>1. Берілген тапсырма бойынша әр оқушы пікірін ортаға салады</p> <p>2. Топта пікірлерді талқылап, жаңа ақпарат арқылы толықтырады</p> <p>3. Өз ойларын қосу үшін сыни тұрғыда ойланады</p> <p>4. Топ өз шешімін келісім арқылы шығарады</p> <p>ЕҚББ мұғалім көмегімен жетелеуші сұрақтарға ойланып жауап беріп, топпен жұмыстанады</p> <p><b>«Еркін жазу» әдісі</b></p> <p><b>Тапсырма:</b> тілдік бірліктерді қолданып, жазба жұмысын орындайды</p> <p>1. Хат туралы түсінік беріледі</p> <p>2. Нұсқаулықты пайдаланып, жазуға дайындайды</p> <p>3. Кім кімге жазу керектігін нақтылайды</p> <p>4. Хат жазуда көрініс табуы тиіс мәселелерді таратып айтады</p> <p>Қарастыратын мәселелер:</p>	<p>4. Топтың қорытынды жұмысын ұсынады</p> <p>5. Жазған мәтіндерін таныстырады</p> <p>-Хат туралы түсінік қалыптасады</p> <p>-Хат жазуға ойларын жинақтайды</p> <p>-Қазақ тілі атынын балаларға хат жазады</p> <p>-Талаптарды орындайды</p> <p>-Тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады</p> <p>-Жазған хаттарын конверттеп почта жәшігіне салады</p> <p>-Жеткіншек ретінде бірнеше бала барып алып оқиды</p>	<p><i>талаптарға сай мәтін құрастыра-алады</i></p> <p>Дискрептор:</p> <p>*Жанр түрлерін естеріне түсіреді</p> <p>*Жанр түрлеріне сай талаптармен жұмыстанады</p> <p>*Түрлеріне қарай әр түрлі жанрда мәтін құрастырып ҚБ</p> <p><b>«Бутерброд» әдісі:</b></p> <p><i>-жанр түрерін ажырата аламын;</i></p> <p><i>-ертегі, әңгіме құрастыруда қадамдарды назарда ұстадым;</i></p> <p><i>-тапсырма орындауда жетілдіретін кейбір тұстарым бар</i></p> <p>Бағалау критерийі:</p> <p><i>тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады</i></p> <p>Дискрептор:</p> <p>*Талапқа сай хат жазады</p> <p>*Тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жаза қол-</p>	
--	--	--	---	--



			<p>данады *Ойын толық жеткізеді 1-сөйлем – сәтті тұсы 2-сөйлем – сәтсіз тұсы 3-сөйлем – толықтыру керек</p>	
<b>Сабақтың соңы</b>	<p>«ВЕР» әдісі <b>Тапсырма:</b> сабақ барысында алған ақпараттары мен тәжірибелік жұмыстарын үш сөйлем арқылы жеткізу. -Вер таратылады -3 қабатына ой толғауын жазады 1-сөйлем – сәтті тұсы« Білдім»«Үйрендім» «Есте сақтадым» 2-сөйлем – сәтсіз тұсы 3-сөйлем – толықтыру керек -Жазғандарын бір біріне оқып береді -Кері байланыс береді <b>ЕҚББ жазу барысында жұбымен бірлесіп жұмыстануын қадағалаймын.</b></p>	<p>Бүгінгі сабақ бойынша қандай мәлімет алғанын, не жасауды үйренгенін, нені есіне сақтағанын ортаға салып, бөліседі.</p>	Өзара бағалау	



## ДЕНСАУЛЫҚҚА ПАЙДАЛЫ ТАҒАМДАР

А.Ғ.ӘЛІМБАЕВА,

«Қызылжар орта мектебі» КММ

«Қазақ тілі және әдебиеті сабақтары: басымдылықтар және жетілдіру стратегиялары» Т1 Ақтөбе қ. 11.08.2023	
<b>Мектеп</b>	«Қызылжар орта мектебі» КММ
<b>Мұғалімнің ТАӘ</b>	Әлімбаева Аяжан Ғибатқызы
<b>Сыныбы</b>	7
<b>Пәні</b>	Қазақ тілі
<b>Бөлім атауы</b>	Денсаулық – зор байлық
<b>Сабақ тақырыбы</b>	Денсаулыққа пайдалы тағамдар
<b>Сабаққа негізделген оқу мақсаты</b>	7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу; 7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын әңгіме құрастырып жазу.



<b>Сабақтың мақсаты</b>		Тыңдалған мәтінді түсініп, факті мен көзқарасты ажыратып, шағын мақала құрастыруда жанрлық, стильдік ерекшеліктеріне сай көркем-дегіш құралдарды орынды қолдана алады.										
<b>ОДД</b>		Жоғары деңгей										
<b>ЕҚББ</b>		тұйық оқушы										
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Мұғалімнің әрекеті</b>	<b>Оқушы әрекеті</b>	<b>Бағалау (бағалау критерийі, дескриптор)</b>	<b>Ресурстар</b>								
Жоспарланған уақыт	«Артығын алып таста» әдісі <i>Тапсырма: ортақ заттар мен артық заттарды ажырату, жаңа сабаққа ой жинау.</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сынып екіге бөлінеді</li> <li>• Жеке ойланады</li> <li>• Ойын ауызша жеткізеді</li> <li>• Сабақ тақырыбы мен суреттерді байланыстырады</li> <li>• Сабақ тақырыбы туралы пікірін ортаға салады</li> <li>• Сабақ мақсатын мұғалім көмегімен анықтайды</li> </ul>	К/Б Мұғалім көмегімен бағалау (қолдау көрсету) - Жарайсың! - Өте жақсы! - Керемет!	<a href="https://youtu.be/JSiChnABWaA">https://youtu.be/JSiChnABWaA</a>								
Сабақтың басы	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Оқушыларды екі қатарға тұрады</li> <li>• 1 қатардағы оқушылар суреттен ортақ заттарды атайды</li> <li>• 2 қатардағылар өзгеше заттарды атайды</li> <li>• Пікірлерін негіздейді</li> <li>• Жекелеген оқушылар өз ойын еркін білдіре алады</li> <li>• Суреттерде денсаулыққа зиянды және пайдалы заттар көрсетіледі</li> <li>• Тақтадағы кестеге анықтаған заттарды «зиянды», «пайдалы» деп бөліп жазып шығады</li> <li>• Сабақ тақырыбы бойынша ойын айтады</li> <li>• Оқу мақсатын жүйелейді</li> </ul> <p>ЕҚББ оқушылардың айтқан жауабын өз ойымен жеткізуін сұраймын</p>			<table border="1"> <tr> <td>зиянды</td> <td>пайдалы</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> </tr> </table> <a href="https://youtu.be/pIqCiizVhLU">https://youtu.be/pIqCiizVhLU</a> (ютуб сілтемесі) Оқулық <table border="1"> <tr> <td>факт</td> <td>пікір</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> </tr> </table>	зиянды	пайдалы			факт	пікір		
зиянды	пайдалы											
факт	пікір											
Сабақ ортасы	«Факт немесе пікір» әдісі <i>Тапсырма: мәтінмен жұмыс жасайды, факті мен көзқарасын білдіріп, ажыратады</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• оқушылар тақырып бойынша тыңдалым мәтінінен бірнеше тұжырымдармен танысады</li> </ul>	Бағалау критерийі <i>тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата алады</i>									



	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сілтеме арқылы жекелеген оқушылар мәтін үзінділерін тыңдайды (<i>тақырып бойынша тыңдалым мәтінінен бірнеше тұжырымдар беріледі</i>)</li> <li>• Жеке берілген кестені толтырады</li> <li>• Мәтіннен факт пен пікірді ажыратады</li> <li>• Жұппен тұжырымдарды талдап, олар факті ме әлде пікір ме екендігін анықтайды</li> <li>• өз шешімдерін дәйектеуге дайындалады</li> <li>• жалпы сыныпта бөліседі</li> <li>• жалпыға ортақ сұрақтар қойылады:             <ul style="list-style-type: none"> <li>- <i>Тапсырманы орындаған соң топтар қандай пікірге келді?</i></li> <li>- <i>Пікірлер жеткілікті дәрежеде негізделді ме?</i></li> </ul> </li> </ul> <p>ЕҚББ кесте толтыру кезінде оқушыны ақпараттармен қамтамасыз етемін, ауызша айтуын жүзеге асырамын</p> <p>«Кеңейтілген тізім» әдісі  <i>Тапсырма</i>: шығын әңгіме құрастыру, нұсқаулықты қолдану</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Нақты тақырып беріледі</li> <li>• Берілген тақырып жоғарыдағы орындаған жұмыстармен байланысты болады</li> <li>• 1-2 минутта берілген тақырыпты ашатын, со тақырыпқа қатысты сөздерді/сөз тіркестерін жазады</li> <li>• көбірек сөздердің қамтылуын назарға алады</li> <li>• әңгіме нұсқаулығы ұсынылады</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• тұжырымдарды тыңдап, талдап, олардың факт немесе пікір екенін анықтайды</li> <li>• өз шешімдерін дәйектейді</li> </ul> <ul style="list-style-type: none"> <li>• оқушы тақырыпты өзі таңдайды</li> <li>• нақты тақырыпты ашатын тақырыпқа қатысы бар сөздерді, сөз тіркестерін теріп жазады</li> <li>• әңгіме құрастырады</li> <li>• нұсқаулыққа сүйенеді</li> <li>• өмірдегі жағдайларды есепке алады</li> <li>• жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды тәжірибелік</li> </ul>	<p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді;</li> <li>- ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата алады</li> <li>- талдап, теорияға сүйеніп пікірін білдіреді</li> </ul> <p>Қ/Б: «Бас бармақ» әдісі бойынша оқушылар бірін-бірі топ арасында бағалайды</p> <p>Өзара бағалау</p> <p>Бағалау критерийі жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолданады, шағын әңгіме құрастырып жазады.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- тақырыпқа қатысы бар сөздерді не сөз тіркестерін тізбектейді;</li> <li>- тізбектеген сөз бен сөз тіркесін қолданып әңгіме құрастырады;</li> <li>- көркемдегіш құралдарды тиімді қолданады.</li> </ul>	<p>дереккөздер</p>
--	--	---	---	--------------------



	<ul style="list-style-type: none"><li>• жеке оқушы жазған сөздермен әңгіме құрастырып жазады</li><li>• әңгіме жазуда жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орындай қолданады</li><li>• жазған әңгімелерін топта</li></ul> <p>1.3.5 номерлі оқушылар бөліседі</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• қалған оқушылар ойларын ұсыныс ретінде білдіреді</li><li>• топтан әңгіме таңдалып, басқа топтарға таныстырылады</li></ul> <p>ЕҚББ оқушының жұбымен жұмыс жасауын назарда ұстап, тапсырма орындауына қолдау көрсетемін</p>	<p>жұмыста қолданады</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• топта өз жұмысымен бөліседі</li><li>• кері байланыс алады</li></ul> <p><i>Тақырып: «Дені саудың - жаны сау»;</i> <i>«Ас-адамның арқауы»;</i> <i>«Табысты болам десең...»</i></p>		
Сабақтың аяқталуы	<p>«Пікіріңмен бөліс» әдісі</p> <p><i>Тапсырма:</i> жаңа тақырып төңірегінде алған білімдерін қортындылайды.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• сыныпта ішінде ұзынынан жіп керіп қояды.</li><li>• басында – «қажетті ақпараттарды толық алдым»</li><li>• ортасында – «тақырып бойынша ақпаратым жеткіліксіз»</li><li>• соңында – «тақырып бойынша білімімді толықтырғым келеді» деген жазу ілінеді</li><li>• оқушылар тақырып төңірегінде алған білімдерін сараптайды және жазған стикерін таңдаған тұсына іледі және неге деген сұраққа ауызша жауап береді.</li></ul> <p>ЕҚББ стикерге өз ойын жазуда жетелеуші сұрақтар беремін.</p>	<ul style="list-style-type: none"><li>• оқушы жіпке ілінген сөздерді оқып, ой түйеді</li><li>• нұсқаулықты орындайды</li><li>• өз деңгейін нақтылап тоқтайды</li><li>• жұмыс жеке орындалады</li><li>• жазғанымен ауызша бөліседі</li></ul>	Мұғалімнің ауызша бағалауы	



## КӨРКЕМ ТАБИҒАТ ЖӘНЕ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕР

**Г.А.АЛПЫСБАЕВА,**

*Алга мектеп-гимназиясының*

*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

<b>Бөлім:</b>	1-бөлім: Қазақстандағы көрікті жерлер. Лексикография			
<b>Сынып:</b> 6 «Г»	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:			
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:</b>	<b>6.2.6.1</b> - оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу. <b>6.4.1.1</b> - тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу			
<b>Сабақтың мақсаты</b>	Оқылым стратегияларын қолдана отырып, комментарий жасай алады, іріктеп оқи алады. Тақырып бойынша бірге жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жаза алады.			
<b>Сабақтың барысы</b>				
<b>Сабақ кезеңі</b>	<b>Педагогтің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушының іс-әрекеті</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Ресурстар</b>
Сабақтың басталуы 5 минут	<p>Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу.</p> <p>1. Психологиялық ахуал қалыптастыру</p> <p>Оқушылар бір-бірінің қолдарын ұстап, сәттілік тілейді.</p> <p>2. Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстыру;</p> <p>Ой шақыру</p> <p>Суреттерге назар аударыңдар. Қазақстанның қандай жерлері бейнеленген?</p>	<p><b>Психологиялық ахуал</b></p> 	<p>Оқушылардың психологиялық ахуалы қалыптасады.</p> <p>Ауызша <b>мадақтау</b></p> <p>Жарайсың! Керемет шешім! Ойлы шешім! Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!</p>	<p>Оқулық 6-сынып «Атамұра» баспасы 2018 жыл Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 6-сынып</p>
Сабақтың ортасы 7 минут	<p>Несіпбек Айтұлының өлең шумағы мен суретті салыстыра отырып, Тарбағатай туралы өз ойыңды жеткіз. Таулы жердің табиғат әсемдігін өзің қалай суреттер едің?</p>			
10 минут	<p>Суың балдай, самал желің саумалдай,</p> <p>Жапырағың жанға сая болғандай.</p> <p>Беткейіңе гүлден өрнек салғандай,</p> <p>Тарбағатай, ғажап едің сен қандай!</p> <p>Тастарыңнан меруерт--моншақ тамғандай,</p> <p>Аспаныңнан жерге жұпар жауғандай.</p>	 <p>Несіпбек Айтұлының өлең шумағы мен суретті салыстыра отырып, Тарбағатай туралы өз ойларын жеткізеді.</p>	<p>Дескриптор</p> <p>Білім алушы -мәтінді детальді түрде оқиды, -мәтіннен</p>	<p>Оқулық 6-сынып «Атамұра» баспасы 2018 жыл</p>



5 минут	<p>Сұлулықтың бақыт құсы қонғандай, Тарбағатай, ғажап едің сен қандай! Көрмегенге көңілдегі армандай, Атырабың алтын нұрға толғандай. Күннің көзі саған тоқтап қалғандай, Тарбағатай, ғажап едің сен қандай!</p>	<p>Мәтінді мұқият оқиды. Әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз детальді түрде оқиды. Мәтінде қаралатын мәселелер бойынша сұрақтар құрастырады.</p>	<p>мәселені анықтайды, -сұрақтар құрастырады.</p>	
8 минут	<p>3-тапсырма Мәтінді мұқият оқы. Әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз детальді түрде оқы. Мәтінде қаралатын мәселелер бойынша сұрақтар құрастыр.</p> <p>1. Мәтінде не туралы айтылған? 2. Тау ішінде не себепті көкжиек жақын көрінеді? 3. Жазғытұрым уақыттағы тау аспанының көрінісі қалай суреттелген? 4. Автор осы тау табиғатын суреттеу арқылы не айтқысы келді?</p>	<p>Мәтінді мұқият оқиды. Әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз детальді түрде оқиды. Мәтінде қаралатын мәселелер бойынша сұрақтар құрастырады.</p>		
С а б а қ - тың соңы	<p>7-тапсырма. «Кім жылдам?» Бірге немесе бөлек жазылатын сөздерді тап</p>			
5 минут	<p>10-тапсырма Өленді қара сөзге айналдырып, негізі ойды білдіретін мәтін құрап жаз. Құраған мәтін ішінде бірге және бөлек жазылатын сөздердің астын сызып көрсет.</p>		<p>Бағалау Медальон арқылы бағалау</p> 	
	<p><b>Үйге:</b> 9-тапсырма Рефлексия <b>Алшы</b> - Сабақтан өзіңе пайдалы не алдың? <b>Тәйке</b> – Сабақта не қиын болды? <b>Бүк</b> – Сабақта нені басқаша өзгертуге болады деп ойлайсың? <b>Шік</b> – Бүгінгі сабақтан үйренгенің бойынша алда не істеймін деп ойлайсың?</p>	<p>Өленді қара сөзге айналдырып, негізі ойды білдіретін мәтін құрап жазады. Құраған мәтін ішінде бірге және бөлек жазылатын сөздердің астын сызып көрсетеді.</p> <p>Сабақтан пайдалы не алғандығы және сабақта не қиын болғандығы, алдағы уақытта не істейтіндігі жөнінде әсерлерімен бөліседі.</p>		



## Е.ӘБІКЕН. «ПӘТЕР ІЗДЕП ЖҮР ЕДІК» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕР

**Ж.А.АМАНГЕЛДІ,**

«№53 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Мектеп :	«№53 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ			
Мұғалімнің аты-жөні:	Амангелді Жаннұр Асанқызы			
Бөлім	Заман шындығы			
Сыныбы:	11-сынып			
Сабаққа негізделген оқу мақсаты:	11.3.2.1-көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау; 11.1.3.1 - көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету			
Сабақтың мақсаты:	көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтап, даралау арқылы қазіргі заман шындығын көрсетіп, салыстыра бағалайды			
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану, жоғары деңгей			
ЕҚББ	Сөйлеуде қиындығы бар бала			
<b>Сабақ кезеңі</b>	<b>Педагогтің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушының іс-әрекеті</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Ресурстар</b>
Басы	<p>«Ойынды жалғастыр» әдісі Тапсырма: алдыңғы тақырыпқа шолу жасау үшін әңгіме желісі бойынша түсірілген фильм үзінділері туралы ойларын толықтырады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Оқушылар 3 топқа бөлінеді:</li> <li>• Әр топқа фильмнен үзінділер көрсетіледі</li> <li>• Үзінді бойынша ойланады</li> </ul> <p>Пікірлерімен топ ішінде бөліседі</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ортақ ойларын сыныптастарына жариялайды</li> <li>• Сабақ тақырыбына жақын ойларын айтады</li> <li>• Алдарына жаңа тақырыпты меңгеруге мақсат қояды</li> </ul> <p>ЕҚББ оқушылардың айтқан ойларын жазбаға түсіріп отырады</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- 1-2-3 сандары бойынша санамалайды</li> <li>- 3 топқа бөлініп отырады</li> <li>- Берілген үзінділер бойынша ойланады</li> <li>- Пікірлерін ортаға салады</li> <li>- Жалпы ойларымен бөліседі</li> <li>- Мұғалім көмегімен оқу мақсатын анықтайды</li> </ul>	Мұғалімнің қолдауы ауызша көрсетіледі	<a href="https://youtu.be/u-3863bUfw">https://youtu.be/u-3863bUfw</a> фильмнен үзінділер
Ортасы	<p>«Макет» әдісі Тапсырма: шығармадағы кейіпкерлерді талдап, өмірмен байланыстыру</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Адам сұлбасы салынған таратпа топтарға таратылады</li> <li>- Адам сұлбасының ішіне жеке адамдарға тән мінез құлық жазылады</li> <li>- Адам сұлбасының сыртына адамдарды жинақтап тұратын мінез құлықтар жазылады</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқушылар мәтінмен жұмыстанады</li> <li>- Жеке және топпен жұмыстанады</li> <li>- Сыни ойлауға тапсырма орындайды</li> <li>- Ортақ сұрақтарға жауап іздейді</li> </ul>	- көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтап даралап, Мұғалімнің қолдауы ауызша көрсетіледі	



Жалпы экологиялық тәрбие – бұл адамдардың сезіміне, санасына, көзқарастарына әсер ету әдістері. Жеке тұлғаның саналық деңгейінің артуына, табиғатқа қарым-қатынасының өзгеруіне, табиғат ресурстарына табиғи ортада өзін өнегелі ұстауға әсер етеді.

Экологиялық тәрбие – қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтып, бірнеше деңгейлерде жүргізілуі керек. Жеке тұлғаның түзілуі негізінен отбасында жүреді. Сондықтан ата-ана баланың қоғамдағы негізгі мінез-құлық нормаларымен қатар, экологиялық мәдениетінің негіздерін үйрете бастауы керек.

Қазіргі кездегі ситуациялардан кейбір парадокстарды байқауға болады. Көбіне балалардың экологиялық білімділігі ата-аналарының деңгейінен әлдеқайда жоғары. Ата-аналары мен балалары өздерінің зерттеу нәтижелері бойынша қоршаған ортаға ешқандай жағдай жасамай-ақ, тіршілік ортасына белгілі бір дәрежеде зиян тигізіп жатқанын байқауға болады: қайта қалпына келмейтін табиғи ресурстарды оңды-солды шашудамыз, көптеген тұрмыстық қоқыстарды шығарып жатырмыз. Табиғатты қорғауды өз үйіңнен бастауға болады – бұл суды үнемдеп жұмсау, оның ластануын төмендету, тал-теректі сындырмай, күтіп-баптау т.б. «Адам табиғатқа тәуелді болса, табиғатта оған тәуелді» - демекші, барша байлықтың анасы – Жер-Ана. Жерді күтіп баптай білу, оның қойнауынан қазба байлықтарды игеріп ала білу, табиғат пен қоршаған ортаны түлетіп гүлдендіре беру өз қолымызда.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Балабақшадағы экологиялық тәрбие /Отбасы және балабақша-1996. №11-12/
2. Шілдебаев Ж. Экология және табиғатты қорғау. – Алматы: Алматыкітап, 2002. -121 б.
3. Көбеева Н «Бала және табиғат» \ \ Үйелмен және балабақша. – 1993. № 5.



## БАЛАНЫ ЕРТЕ ДАМЫТУДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ ӘДІС - ТӘСІЛДЕРІ

**С.С.КАБЫЛОВА,**

*Ақтөбе қаласы,*

*ЖШС «Бопай» балабақшасының тәрбиешісі*

Бұл мақалада ерте балалық шақтағы бала дамуы мен оның ойлауын, есі мен сөйлеуін, кітап оқу, ойын арқылы қалай дамыту болатыны, осы тұрығыда өзіне не қажет екендігін қорықпай немесе ұялмай қалай сұрауға болатандығы жөнінде өз ойымды бөліскім келеді.

Баланың ерте дамуының бірі-кітап оқу.

Балалар ертегі мен әңгіме тыңдауды өте жақсы көреді. Бала бір кітапты бірнеше мәрте оқып беруді өтінеді. Сөйлеуін дамытудағы ең алғашқы кездер оған нені айту керектігі туралы ойлау, әрине, қиындық туғызары сөзсіз. Кітап оқу ата-ана немесе үлкендер үшін тиімді шешім болады. Ең бастысы қарапайым, шағын ертегілерді сатып алу керек. Алғаш мен қызымның неге бір кітапты бірнеше рет оқуымды өтінгенін түсінбедім, мүмкін есінде сақтай алмайтын шығар деп ойладым. Бұрынан келе

жатқан Қызыл телпек ертегісін қатарынан 10 рет оқып шығу қандай жалықтырар іс! Ертегіні жатқа білетінім соншалық-кейде тіпті оқымай-ақ қысқартып мазмұнын ғана айтып беретінмін. Мен тек баланың сөйлеуін ғана қалыптастырып қоймай, өзімнің есте сақтау қабілетімді де дамыта түстім. Бір кездері мен қызымның ертегіні түсінбегендіктен қайталап оқуымды өтінбейтіндігін түсіндім.

Бірде ол маған былай деді:

- Сен олай оқымадың!

- Ал қалай?

Ол ертегіні жазылған қалпында сөзбе-сөз маған айтып берді. Менің оқып бергенімді тыңдай отырып, ол барлығының біркелкі болғанын қадағалады. Егер бір нәрсе дұрыс болмаса, ол қиналып, қайта оқуымды сұрады. Мен бұл жағдай оның еркелігі емес, кітапты дұрыс оқу қажеттілігі екендігін түсіндім. Ол тек еркелеп ғана қоймай өзіне бір маңыздыны алатындығын ұғындым. Сол себепті де ол кітапты бірнеше мәрте оқуымды сұрады. Ол өзі «Басқаны оқиық» демейінше мен қайталап оқи



бердім. Осыдан кейін мен тек кітап оқып ғана қоймай баланың дамуымен, қайта еске түсіруімен айналыса бастадым. Кей сөздерді әдейі айтпай кеттім, оны қызым өзі қосып отырды. Кейде тіпті барлық сөйлемді айтып шықты.

Сөздік ойын-баланың ерте дамуындағы тамаша әдіс. Бұл «Ықшамдалған қалада» ойыны. Сіз қала орына кез-келген сөзді айтасыз, ал балаңыз сөздің соңғы әрпінен келетін сөзді айтып жалғастырады. Мысалы: Апельсин-нан-нарық...

Менің қызыма ойын ұнады. Біз бұл ойынды көлікте жүрген кезде де, дәрігер қабылдауында кезекте тұрғанда да, серуенге шығып бара жатқанда да, тіпті қонаққа бара жатқанда да ойнай береміз. Біріншіден, баланың сөздік қоры молая түседі. Екіншіден, еріксіз түрде сауаттылыққа үйретесіз, себебі сөз соңында басқа дыбыс естілгенмен жазылғанда басқа жазылады. Мысалы: Доп. Б дыбысын естиміз, бірақ П әріпі жазылады. Балаға түсіндіремін: Допты лақтыр, бірден П дыбысы естілді. Сондай-ақ Я әріпіне аяқталатын сөздерді айтамыз. Тағы да түсіндіремін. Бұл әріп екі дыбыстың қосындысынан тұрады:

Й және А. Сол себепті де біз А дыбысы естиміз. Әрине, ол ережені түсінбегенімен де есту арқылы бәрін бағдарлайды және келесі жолы қателеспейді. Бала қажетті сөзді таппай қалғанда көмектесіңіз!

Бұл жердегі Сіздің мақсатыңыз баланы жеңу емес, оған көмектесу, сөздік қорының қалыптасуына, ерте дамуына ықпал ету. Мәселен, біз кеше ойнаған кезде «Бассейн» сөзінен кейін Н әрпінен келетін сөзді таппай қалады. Мен оған:

- Әртүрлі заттарды еске түсірейік. Мысалы: Үйдегі зат, - дедім. Ойлады, бірақ таба алмады. Сосын мен: - Ас үйді еске түсірейік, - дедім. Ол сәл ойланды да «Нан» деп жауап береді. Міне, бала сөзді де ойлап тапты және қалай есте сақтау мен байланыстыру керектігін де түсінді.

Баланың ерте дамуына бағытылған тағы да бір ойын «Ғажайып алаң» ойынына ұқсас. Балаға сөздің мазмұнын түсіндіреміз, ол сөздің атауын табады. Бұл оның есте сақтауын, ойлауын, қиялын дамытуға көмектеседі.

Мысалы:

- Аяғың тоңбас үшін не киесің?

- Шұлық.

Бұл ойында оған таныс емес сөздер айтуға тырысамын. Бұл сөздің мағынасын түсіндіремін. Әр сәт сайын бала жаңа сөздер айтады және ойын күрделене түседі. Ойынның нәтижесі көрінерлік. Өз күшіңізге ғана сенбеңіз. Мамандардың көмегін пайдаланыңыз. Логопедке апарыңыз, дамыту курстарына қатыстырыңыз, басқа адамдардың балалармен сөйлесу мүмкіндігін туғызып, ең болмағанда қонаққа апарыңыз. Себебі баланың сөйлеуі мен ойлауы оның физикалық тұрғыда дамуымен, әсіресе саусақтарының дамуымен байланысты. Баламен бірге ермексаздан, қағаздан ұсақ-түйектер жасауға болады. Бұл баланың дамуына ықпал етеді және сөздерді жақындастырады. Балаңыздан сұрауға болатын әр сәтті ұтымды пайдаланыңыз.

Осы жағдайдан кімнің, менің бе, әлде қызымның ба көп сабақ алғандығын нақты айта алмаймын. Бірақ осы ойындар және үнемі сөйлесулер, өз сөзінді іспен көрсету менің сөздік қорымды кеңейтті. Енді мен бір нәрсе сұраудан немесе өз қажеттіліктерімді айтудан қысылмаймын. Мен үлкен адаммын, өзіме қажет нәрсені нақты сұрауды үйрендім. Маған көп жерлерде, мәселен, салық комитетінде, банкте, әртүрлі мекемелерде болуға тура келеді және барлық жерде не үшін келгенімді нақты және қысқа түсіндіруге тура келеді. Олай болмағанда сіз өзіңізге қажет емес нәрсені алуыңызға тура келеді.

Қорытынды.

Балалардың дамуы таным процесі мен жан тыныштығының өзара әрекеттестігіне жетістік әкеледі. Сіздің міндет- айналаңыздағы әлемді білу арқылы тәуелсіздікке қол жеткізу мүмкіндігін беру. Балаға жеңіл бағыттау керек. Сонда ғана бала өз шыңына жетеді.

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. Республикалық педагогикалық журнал «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» №2-2015
2. Kk.inditics.com сайтынан
3. «БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ» атты Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы 12 мамыр -2023. 1716





## БАЛАБАҚША - БІЛІМНІҢ АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҒЫ

**М.Н.ДЖУМАМУРАТОВА,**

*Алға қаласы,*

*«Күниуақ» балалар сауықтыру  
лагерінің тәрбиешісі*

Балабақша – білімнің алғашқы баспалдағы. Ерте жастан баланың зеректігін, дарындылығын, білімін шындай түсетін орта. Балабақша баланың тәрбие мен қоғамға бейімделу ортасы болып табылады. Байырғы қазақ қоғамында мектеп, медреселер болғанымен, балабақшалар болмаған. Жастары бойынша сәйкес келетін балалар бірігіп жүріп өскен. Сол кезеңде көпті көрген дана әжелеріміз ел ішінде ауыздан ауызға тараған жырларды жатқа оқып, немерелерін тәрбиелеген. Қазіргі таңда сол рөлді балабақша тәрбиешілері қолға алған. Тәрбиешілер әр баланың қолдарына қалам ұстатып, жазу-сызуға дағдыландырады. Түскі астан кейін жатар алдында ертегі немесе баланың жас ерекшелігіне сай қызықты әңгімелер оқып, таным-көкжиектерін кеңейте түседі. Түрлі іс-шараларда би билетіп, ән салдырып, қойылымдық көріністерде рөл сомдап, үлкен еңбектің арқасында баланың шығармашылық қабілеттерін аша түседі. Демек, балабақша - білімнің алғашқы баспалдағы болып табылады.

Бала мен балабақша арасындағы байланысты орнататын ата-ана екенін білеміз. Ата-ана мен тәрбиешінің арасындағы байланыс мықты болуы керек. Ата-ана баланың үйдегі тәрбие беруші басты тірегі болса, тәрбиешілер балабақшадағы ата-анасындай жанашыры бола білуі керек деп тұжырымдаймын. Өзіміз көріп, байқап жүргендей 4-5 жас аралығындағы балалар жаман дүниені жақсы затқа қарағанда, тез қағып алады. Бала дүйсенбі мен жұма күндері аралығында таңертеңнен кешке дейін балабақшада тәрбиеленеді. Сол себепті тәрбиешілер баланың басқан қадамына анализ жасап, сараптап отырса, нұр үстіне нұр жауар еді. Тәрбиеленушінің мінезі өзгерсе, жаңа тың дүниеге қызықса, осының бәріне аса қатал түрдегі тиянақтылық танытылу маңызды. Кейіннен оны ата-анасына хабарлап, оқылық болса түзетіп, дамыту қажет болса, соған күш жұмсалу қажет. Тәрбиеші мен ата-ана арасында екі жақты байланыс орнаса, ортадағы баланың жағдайы қалыпты болады.

Кішкене баланың елін, жерін сүйіп, жаңа ұғымдармен танысатын ортасы да дәл осы балабақшадағы бақытты балдәурен шак. Балабақшадағы таңда «Әнұран» айтумен бастау алады. Одан бөлек жасы кіші топтағы болсын, үлкен топтағы балаларды «Табиғат-Адам-Қоғам» циклы бойынша отан-

сүйгішікке баулу танымы да жүреді. Бұл үш ұғым бір-бірінен ажырамас бірліктер.

М.Әуезов айтпақшы, «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін — білім». Сондықтан балабақша жасындағы баланың білімге деген құштарлығы жастай ашылуы қажет. Баланың мектепке дейінгі іргетасы балабақшада қаланады. Қаланып жатқан білім іргетасы тек дәстүрлі салтпен ғана емес, жаңа инновациялық технологиялармен де қамтылуы тиіс. Бұл - заман талабы. Мысалы, білім беру саласында ескі материалдарды көптеп қолданатын болсақ, сіздің алдыңызға білім алуға келген бала зерігіп кетуі мүмкін. Әр сабақ тек жазудан әрі оқытудан құралмау керек. Шығармашылыққа ден қоя біліп, жаңашыл ұстаз болуға тырысқан жөн.

Инновациялық білім беруге қандай бағыттар жатады? Ол үшін біз бірқатар ғалымдардың зерттеулеріне сүйенетін боламыз. Ең алдымен тәрбиеші баланы оқытпас бұрын, белгілі бір бағдарлама жасап алу керек. Ол өзін де өзгені де жалықтырмас үшін кезекті әдістерді қолданған абзал,- дейді В.А.Максимова:

1. Ойынтехнологиялары;
2. Терминдіктехнологиялар;
3. Ақпараттықтехнологиялар;
4. Диалогтықтехнологиялар;
5. Құрылымдықойлаутехнологиялары;

Заманауи әдістер – оқушының креативті ойлауын, ақпаратты тез қабылдауын, ақпаратты ой сүзгіден өткізе алу деген секілді дағдыларын қалыптастыратын болады. Терминдік технология мен ақпараттық технологияны біріктіріп қарастырсақ та болады. Себебі, бұл әдіс теориялық білімді меңгеруді талап етеді. Белгілі бір ғылымды игеру үшін оның терминін әрі анықтамасын білу қажетпіз. Алайда, оны түсінуге деген қиындық тудырамын да білеміз. Рабиға Сыздық апамыз ғылыми стилдің өзін екіге бөлген. Бірі – тазағылымилық болса, екіншісі – көпшілікке арналған ғылым саласы. Инновациялық технологияға неліктен дәл осы көпшілікке арналған ғылым керек? Себебі, ғылыми терминдерді бәрі дұрыс түсіну үшін қажет. Балаларға ауыр ғылыми термин мен анықтамалар беріп қойсақ, олар шыныменде түсінбейді. Керісінше оқуға қызығушылықтарын жоғалтып алады. Сол себептен жаңашыл ұстаз ретінде беретін мәліметіміз мейілінше түсінікті, тиянақты болуы – жаңазаманның талабы. Балабақшаға келген баланың кім екенін таныту – тәрбиешілерге парыз.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, бала тәрбиелеу - қасиетті, қастерлі парыз. Мен сіздерге бала-



бақшаның бала үшін білім алудың алғашқы баспалдағы екенін барынша талдап, бірнеше пункттерге бөліп көрсетуге тырыстым. Сөз соңында да айтарым, ата-ана мен тәрбиешілердің арасындағы байланыс мықты болып, кішкене баланың білімін неше түрлі жаңаша тәсілдермен жетілдіре түсу керек. Ең бастысы әрбір баланы отансүйгіштікке баулу ма-

ңызды. Еліміздің ертені, кемел келешектің жастары айбарлы болсын дегім келеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұхтар Әуезов «Таңдамалы»
2. Абдраманова, Г. Б. «Инновациялық технологиялардың білім берудегі рөлі».



## СЦЕНАРИЙ ОСЕННЕГО ПРАЗДНИКА В СРЕДНЕЙ ГРУППЕ «ПРО СЕРДИТУЮ ТУЧКУ»

**Ж.С.БУТЕКОВА,**  
воспитатель,  
ТОО «Дастан-2016»  
Детский сад «Нұрсәт»  
район Мартук

Дети под музыку входят в музыкальный зал и становятся полукругом.

Ведущая: Красиво убран детский сад!

Осенний праздник у ребят!

Скучать нам не годится –

Так будем веселиться!

Стихами будем славить Осень,

Придти сюда скорей её попросим!

1. Ребёнок: Журавли на юг летят,  
Здравствуй, здравствуй, осень!

Приходи на праздник к нам,

Очень-очень просим!

2. Ребёнок: Осень – славная пора,  
Любит осень детвора:  
Сливы, груши, виноград –  
Все поспело для ребят!

3. Ребёнок: Ходит осень по садам,  
Ходит, удивляется.  
Точно в сказке, тут и там  
Все цвета меняются!

Ведущая: Осень-красавицу люди все хвалят,  
А наши ребята ей песню подарят!  
Песня «Осень, осень раз, два, три»

4. Ребёнок: Осень – грустная пора!  
Вот и дождь идёт с утра,  
По стеклу дождинки  
Сбегают, как слезинки!

5. Ребёнок: Дождик, дождик озорной!  
Ох! Какой же ты смешной!  
Капал, капал, перестал –  
Потому что дождь устал!

6. Ребёнок: Дождик, дождик целый день  
Барабанит в стекла!  
Вся земля, вся земля  
От дождя промокла!

**Ведущая:** А мы дождик переждём,  
Мы про дождик песенку споём!  
Песня «Дождик, дождик»  
(садутся на стульчики)

Ведущая: Листики кружатся, дождик моросит.-  
Это просто Осень в гости к нам спешит! Дружно  
все попросим – заходи к нам, Осень!

Выход Осени

Осень: Вы обо мне? А вот и я! Привет осенний  
вам, друзья! Я пришла на праздник к вам  
Петь и веселиться,  
И хочу со всеми здесь  
Крепко подружиться!  
Есть у меня листики разные – желтые, красные!  
Девочки листики эти в ручки возьмут,  
И танец красивый осенний начнут!

Танец девочек с листьями

7. Ребёнок: Все деревья покраснели  
И, как будто дразнятся.  
Это брызги акварели  
Осени – проказницы!

8. Ребёнок: Ветер листьями играет,  
Листья с веток обрывает.  
Листья жёлтые летят  
Прямо на руки девчат!

**Осень:** Хорошо вы танцевали! Поиграть нам не  
пора ли? Слушайте внимательно правила игры!  
Если я назову вам что-то съедобное, то хлопайте в  
ладоши, а если несъедобное – топайте ногами.

Игра «Съедобное - несъедобное»

- 1) Булочки хрустящие; 2) Тапки заваливающие;
- 3) Пирожки слоёные;
- 4) Валенки варёные; 5) Шарик сырные; 6) Салфетки жирные;
- 7) Пряники вкуснящие; 8) Яблоки хрустящие.

**Осень:** Молодцы, ребята! Всё правильно делали,  
ничего не перепутали!

Звучит музыка грома

Ведущая: Что случилось? Что случилось? Быстро  
все переменялось!

Гость какой-то к нам спешит! Быстро-быстро он  
бежит!



Выход Сердитой Тучки

Осень: Да это Тучка сердитая к нам прилетела,  
Праздник испортит она захотела!

Тучка: Я тучка злая, грозовая! Веселиться не люблю,  
Дождем холодным всех залью! Вы тут с Осенью играете?  
А правил, правил моих не знаете? Всем скучать!  
Меня бояться! И не петь, и не смеяться!

(звучит музыка, Тучка бежит около ребят и «брызгает» их дождиком. Потом останавливается в центре зала – устала)

Тучка: Ох, как я устала-то! Зато теперь всех намочила!  
Вот какая я молодец!

9. Ребёнок: Тучка, тучка, подожди,

Убери свои дожди!

Мы про тучку песню знаем,

И тебе ее подарим!

Тучка: Песню, говоришь? Ну-ка, ну-ка, послушаем,  
послушаем вашу песню!

Песня-хоровод «Тучка» (Сл. и муз. М.А. Савельевой)  
(в конце песни-хоровода дети убегают от Тучки)

Тучка: Ах, вот вы какие! Вы меня выжимать хотите!

Да я вам за это! Да я сейчас такое устрою! (думает)

Осень золотую от вас забираю,

А дождик осенний вам оставляю!

(Тучка хватается за руку, та отбивается от нее)

Осень: Помогите! Помогите!

Сердитая Тучка уводит Осень

**Ведущая:** Ребята, как же нам вернуть Осень?  
По-моему, я знаю, что надо делать!

Все садимся в паровоз и отправляемся на осеннюю прогулку!

Я думаю, Осень мы точно найдем!

И с помощью чуда ее мы вернем!

Дети друг за другом идут по кругу паровозиком

**Ведущая:** Приехали. Выходим из вагончиков!  
(дети садятся на стульчики)

Ну, теперь, ребята, точно произойдет что-то интересное!

В центре стоит стол, на столе – корзинка с дудочкой и письмом, накрытая платком.

**Ведущая:** Ребята, давайте посмотрим, что там внутри?

(поднимает платок, читает письмо)

**Ведущая:** Да это же письмо от Лесовичка! Прочитаем! (читает)

«Здравствуйте, ребята! Слышал я, что злая Тучка увела с собой Осень! Я помогу ее вернуть! Вот вам волшебная дудочка, дудочка - погудочка! Играйте на ней, да повеселее! Тучка сама к вам придет!»

Вот спасибо Лесовичку! Ребята, давайте попробуем поиграть на этой волшебной дудочке - погудочке!  
Может и правда чудо произойдет!

(Ведущая играет на дудочке. Вбегает Тучка, начинает кружиться на месте и не может остановиться)

Тучка: Ой, ой, ой! Не могу остановиться, так и хочется кружиться.

Перестань играть, прошу, а не то дождем залью!

**Ведущая:** Отпускай, Тучка, нашу Осень!

А не будешь отпускать – так и будешь танцевать!

(Ведущая играет на дудочке, Тучка в изнеможении садится на стул)

Тучка: Ой, устала, не могу, сейчас вам Осень приведу!

Если поиграете в мою любимую игру «Вперед четыре шага»!

Игра «Вперед четыре шага»

Тучка: Играете вы хорошо! Но, чтобы к вам пришла Осень, надо еще станцевать веселый танец!  
Знаете такой?

**Ведущая:** Конечно, знаем! Выходите, мальчики!

10. Ребёнок: Тучки хмурятся на небе,

В пору зонтик доставать.

Ветерок подул сильнее,

И дождя не миновать!

11. Ребёнок: Стало хмуро за окном,

Дождик просится к нам в дом.

В доме сухо, а снаружи

Появились всюду лужи!

12. Ребёнок: Дождик поливает,

Мокрые дорожки.

Бегают по лужам

Маленькие ножки!

13. Ребёнок: Тучка прячется за лес,

Смотрит солнышко с небес!

Если б мы его достали,

Мы б его расцеловали!

Шуточный танец мальчиков «Винюватая тучка»

Тучка: Вы меня прощаете и с миром отпускаете?  
Ой, спасибо! Какие добрые ребятки! Как хорошо иметь таких друзей – выходи к ребятам, Осень, поскорей!

(Тучка выводит Осень за руку)

Осень: Спасибо, добрые мои друзья,

От всего сердца благодарна я!

Тучка: Ребята, я больше так не буду! Обещаю вам!  
А раз мы с вами, ребята, подружилась, то приглашаю вас на парный танец!

Танец парный «Веселый каблучок»

Тучка: С вами весело играть,

Песни петь и танцевать.

Но уходить уж мне пора,



До свидания, друзья!  
 (Дети прощаются с Тучкой)  
 Осень: А теперь пришла пора поиграть нам, дет-  
 вора!  
 У меня в руках корзинка,  
 В ней осенние дары!  
 Всё, чем только я богата,  
 Принесла для детворы!

Игра «Перевези урожай»  
 Осень: Очень весело мне было,

Всех ребят я полюбила.  
 Я вас всех благодарю,  
 И гостинцы вам дарю!  
 (Раздаёт подарки)  
 Ну а мне уже пора! До свидания, друзья!  
 (Уходит)  
**Ведущая:** До свидания, дорогая Осень!  
 На следующий год тебя мы снова ждём в гости!  
 Наш праздник закончился! До новых встреч,  
 уважаемые гости!  
 А мы, ребята, отправляемся в группу!



### «БАУ - БАҚША»

**Ә.А.СӘРСЕНБАЕВА,**  
 Мәртөк ауданы,  
 ТОО Дастан -2016  
 «Нұрсәт» балабақшасы



Мақсаты: балаларға жеміс – жидектер туралы толық мәлімет беру, оларды дұрыс әңгімелей білуге үйрету. Олардың түсін, түрін, көлемін, және көкөніспен жеміс жидектердің айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Көкініс пен жидек екі атаудан құралғанын түсіндіріп айту. Қоршаған орта туралы түсініктерін қалыптастыру барысында сөздік қорын дамыту. Оны түрлі сөз таптарына («есім, етістік, сын есім, үстеу») қатысты сөздермен байыту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: жемістер мен көкөністер муляждары. Сөздік жұмысы: бау-бақша, бақ.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Баланың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Қазір жылдың қай мезгілі?</li> <li>-Күз мезгілі екенін қайдан білеміз?</li> <li>-Ал бүгін аптаның қай күні?</li> <li>-Сәрсенбі қандай күн?</li> </ul> <p>Бәріне сәттілік тілеу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Балалар, күндерің сәтті өтсін!</li> </ul>	<p>Жауаптар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Қазір жылдың күз мезгілі.</li> <li>-Күз мезгілі екенін табиғаттың өзгеруінен білеміз.</li> <li>-Бүгін аптаның үшінші күні – Сәрсенбі күні.Сәрсенбі – сәтті күн.</li> </ul>
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, бүгінгі біздің оқу іс – әрекетіміз жемістер мен көкөністер туралы және олардың қайда өсетіні туралы болады.</li> <li>- Қәне, күз мезгілінде пісетін жемістер көкөністерді атайықшы?</li> <li>- Олай болса, себеттегі жемістер мен көкөністердің біреуін алып, оның атауын айтып, түсін, пішінін айтып, әңгімелеу.</li> </ul> <p>Мысалы: мынау алма, оның түсі қып - қызыл, пішіні дөп – дөңгелек, дәмі тәп-тәтті т.б.</p>	<p>Өздері білетін жемістер мен көкөністерді атайды.</p> <p>(Муляжына қарап, оны атайды, түсін, пішінін айтады.)</p> <p>Өздері таңдаған жемістер мен көкөністері туралы әңгімелейді.</p>



Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Дидактикалық ойын: «Жемістер мен көкөністерді ажыратады».</p> <p>Мақсаты: балаларға жемістер мен көкөністерді қайда өсетінін, оларды ажырата білуге баулу. Саусақ моторикасын дамыту.</p> <p>- Жемістер қайда өседі? - Ал көкөністер ше? (егер білмесе қайталау).</p>	<p>Берілген жемістер мен көкөністерді өз орнына орналастыруға әрекет жасайды.</p> <p>-Жемістер бақтағы ағаштарда өседі.</p>
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>Серіту жаттығуы: «Шие» Мен шиемін, шиемін, Күннің көзін сүйемін. Қышқыл шырын менде бар, Төмен басты иемін. (Ә.Дүйсенбиев) «З» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау).</p> <p>-Алманы ағаштан қалай аламыз? Кәне, бақтағы ағаштардан жемістерді үзіп алып жинайықшы. Көкөністер мен жемістерді қай мезгілде жинаймыз? Күз-күз-күз- Кәне, енді бәріміз тәтті жемістерді жегісі келіп, дәмін татқысы келіп ұшып жүрген ара болайықшы. Ыз-ыз-ыз.- «З» дыбысы бар қандай жемістер мен көкөністердің атауын білесіңдер ме? - Балалар, бізге осындай дәмді жемістері мен көкөністерін сыйлаған асыл өлкемізге, жерімізге арнаған тақпақты қайталайықшы.Отаным менің кең – байтақ Жайнаған сансыз қаласы, Жайқалған жомарт даласы. Ел – Отан біздің кең байтақ, Отанның біздер баласы. Қ.Шаңғытбаев Жұмбақ: Аспай піскен, қайнамай түскен. (Жеміс) (Түсіндіру жұмысы жүргізіледі: - Неге ол аспай, қайнамай піседі? Оларға күннің көзі, яғни күн пісуіне көмектеседі). -Жемістерді жемес бұрын не істеу керек? -Жемістердің, көкөністердің мол болуы, үлкен –үлкен болып өсуі неге байланысты? Жаңылтпаш Бес түп алма, Бестік алғандікі. Төрт түп алма, Төрттік алғандікі. Бестік алған алған, Төрт түп алмайды. Төрттік алған, Бес түп алмайды. (4-5 сандарын және алманы көрсету арқылы қайталау).</p>	<p>-Көкөністер бақшада, жерде өседі. Қимылын келтіріп жаттығуды орындайды. Алманы ағаштан үзіп аламыз. «Үз-үз-үз» деп қайталап, ағаштан жеміс жинағандай қимыл жасайды. Көкөністер мен жемістерді күз мезгілінде жинаймыз. Күз-күз-күз Ұшып ара болады. Ыз-ыз-ыз.</p> <p>- Жүзім, қарбыз, сәбіз. Тақпақты педагогпен бірге қайталайды. Оларды жемес бұрын жақсылап жуу керек.</p> <p>- Оны күтіп – баптап өсіруіне байланысты.</p> <p>Сандарға қарап қайталайды.</p>
Рефлексиялық – түзетушілік	<p>-Балалар сендер бүгін еңбек, жемістер мен көкөністер туралы көп нәрсе үйрендіңдер. Еңбек - адамның екінші анасы. Сондықтанда көп еңбек ету керек. Тәрбиеші оқу іс-әрекетін қорытындылап, балаларды мадақтайды.</p>	<p>Балалар педагог соңынан қайталайды.</p> <p>Балалар қуанады.</p>
Күтілген нәтиже:	<p>Біледі: жемістер мен көкөністер және олардың пішіндерін ажыратуыды; Игереді: «З» дыбысын дұрыс айтуды; Меңгерді: жемістердің бақта, көкөністердің бақшада өсетінін біледі.</p>	



## СЦЕНАРИЙ ОСЕННЕГО УТРЕННИКА В ДЕТСКОМ САДУ ДЛЯ ПОДГОТОВИТЕЛЬНОЙ ГРУППЫ – «ЗДРАВСТВУЙ, ОСЕНЬ ЗОЛОТАЯ»

**А.Р. СУЛЕЙМЕНОВА,**  
 воспитатель,  
 ТОО детский сад «Бопай»  
 город Актобе

**Цель:** Закрепить знания детей об осени.

**Задачи:**

1. Доставить радостное настроение.
2. Закрепить, полученные на музыкальных занятиях, знания, умения и навыки.
3. Развивать социально - коммуникативные навыки детей.

Ход утренника:

*Зал ярко украшен. Под песню «Наступила осень» дети входят в зал и встают полукругом у центральной стены.*

Стихи детей

1. Промелькнуло быстро лето  
 Пробежало по цветам  
 За горами скрывалось где-то  
 И без нас скучает там **Томирис**

2. А по бывшим летним тропкам  
 Бродит рыжая краса  
 Это осень златовласка  
 К нам подкраслась как лиса **Жулдыз**

3. Разгулялся листопад  
 По кустам и кленам  
 Скоро к нам заглянет в сад  
 Золотистым звоном **Раина**

**Вед:** Вот художник так художник!  
 Все леса позолотил!  
 Даже самый сильный дождик,  
 Эту краску не отмыл.  
 Отгадать загадку просим,  
 Кто художник этот?

**Дети:** Осень!

**Вед:** Давайте светлым этим днем, про осень песенку споем.

**Песня «Разговор с осенью»**

**Осень:** Здравствуйте мои друзья  
 Меня вы звали?  
 Я осень золотая  
 Поклон мои друзья

*Ведущий раздаёт девочкам листики*

**Осень:** Листья в вальсе кружатся и со мной подружатся.

**Танец с листочками**

**Ведущий:** Девочки, вы очень красиво танцева-

ли с листочками. А теперь садитесь, пожалуйста, на места. У меня для вас есть очень интересная игра, которая называется «Собери осенние листочки»! (Каждая команда собирает свой цвет).

**Игра « Собери осенние листочки».**

Стихи детей:

1. Одарила гостя осень  
 Урожайми плодов  
 Морозящими дождями  
 Кузовком лесных грибов **Азиз**

2. Так давайте славить осень  
 Песней, пляской и игрой  
 Будут радостными встречи  
 Осень-это праздник твой **Алим**

3. Осень славная пора  
 Любит осень детвора  
 Осень мы встречаем  
 Песню запеваем **Жанерке**

4. Пышным сарафаном  
 Землю укрывая  
 В гости к нам шагает  
 Осень золотая **Алуа**

**Вед:** Какие прекрасные стихи прочитали наши дети про осень. а давайте еще и песенку споем про осень

Песня: Листик желтый

**Сценка**

**Вед:** Сейчас представляем вашему вниманию небольшую сценку про овощей

Жили были на одном огороде овощи(они по одному выходят на сцену и представляются)

**Огурец:** - Я веселый огурец, я зеленый молодец

**Капуста:** - Без меня на грядке пусто

А зовут меня капуста

**Лук:**-Без меня вы, как без рук, в каждом блюде нужен лук

**Помидор:**-Любят дети с давних пор вкусный сладкий помидор

**Ведущая** :-Хозяйка любила свой маленький огород и каждый день поливала его

(Появляется хозяйка с лейкой, которая поливает свой огород:

- я полью свой огород. Он ведь тоже воду пьет

**Ведущая:** Овощи с каждым днем росли и зрели, Жили они между собой дружно, Но однажды помидор решил, что он лучше всех, и начал хвастаться



**Помидор:** -Я на свете всех вкуснее

Всех круглее, зеленее

Меня взрослые и дети

Любят больше всех на свете

**Огурец:** - Слушай,это просто смех

Хвастаться, что ты лучше всех

**Ведущий:** А помидор все твердил

**Помидор:** - Я на свете всех вкуснее, всех круглее, зеленее

Меня взрослые и дети

Любят больше всех на свете

**Ведущий:** Хвастался, хвастался и с куста свалился!

Тут пришла хозяйка,чтобы собрать овощи на обед. Все овощи взяла,но помидор не заметила (хозяйка уводит все овощи. кроме помидора

Тут пробегает зайка и увидев помидора говорит: Какой кошмар! Не хотел быть с другими друзьями.будешь никому не нужен

Стыдно стало помидору, от стыда он покраснел

**Помидор:** вы меня друзья, простите

Вы с собой меня возьмите

**Ведущий:** услышала эти слова хозяйка, сжалась над помидором и забрала его с собой. Хотите верьте, хотите нет, но с тех пор каждую осень помидоры становятся красными

**Ведущий** Ну а сейчас дети споют песню «*Осень наступила*»

**Танец: «Осенние джентельмены»**

**Вед:** Наш праздник подошел к концу. Спасибо вам родители, за ваше внимание и за громкие аплодисменты



## «МЕН ОТАННЫҢ БАҚЫТТЫ ҰЛЫМЫН!»

**Г.Т.ТАЖИКЕНОВА,**

*Ақтөбе қаласы,*

*ЖШС «Бопай» балабақшасының тәрбиешісі*

Құрметті ата - аналар, кішкене бүлдіршіндер және балабақша ұжымы!

Баршаңызды 25 қазан Республика күні мереке-сімен «Жұлдыз» мектеп алды тобы атынан шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл тілеймін.

**Жүргізуші:**

Ақжайық, Алтай арасы

Қазақтың шалқар даласы

Республикама қарашы!

Жерімнің дәні маржандай

Қырманы асқар таулардай

Республикамақарашы!

Шолсаң да биікаспаннан

Қарқыраркенітастардан

Республикамақарашы!

Шырқағансайыңтірегі

Республикамақарашы!

**I. Әнұран.**

Құрметті қонақтар! Бүгінгі біздің 25 қазан Республика күніне арналған «Мен Отанның бақытты ұлымын!» қысқаша тақырыптық сағатын тамашалаңыздар.

**II. Хор: «ЕгемендіҚазақстан»**

Елші: Абілмансур:

- Өзі бұл жер қай ел екен, жөн сұрап білейін?!

Жүргізуші:

- Сәлеметсіз бе? Сіз кім боласыз? Қателеспесем,

біздің елге басқа жақтан келгенсіз - ау деймін.

Абілмансур:

- Мен ел аралап жүрген елшімін. Сыңғырлаған балалардың күлкісін естіп, қай елдің бақытты балалары екенін білейін деп келдім.

Жүргізуші:

- Олай болса, қош келдіңіз! Қазір бізде 25 қазан Республика күніне арналған тақырыптық сағат өткелі жатыр. Балалардан сұрап біліңіз.

Елші: Абілмансур

- Сәлем, балалар! Сендер өте көңілді, әрі бақытты көрінесіңдер. Сендердің Отандарың, қасиетті мекендерің қай Республика?

Балалар:

- ҚазақстанРеспубликасы.

Елші: Абілмансур

- Президент кім?

Балалар:

- -Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

**Елші: Абілмансур**

- Отандарыңның астанасы қай қала?

Балалар:

- Астана қаласы.

**Елші: Абілмансур**

- Елдеріңізөзініңқандайқасиеттеріменайбатты?

Балалар:

- Әнұран, Туы, Елтаңбасымен.

Елші: Абілмансур

- Өте жақсы. Осы елдің бақытты ұл - қыздары екендеріңді қалай дәлелдейсіңдер?

**Аймира:**

Әнұраным, жан ұраным

Айтар әнім, сөйлер сөзім



Туған жерім сағынарым  
Мәңгі - бақи шырқалады  
Республикам, Әнұраным

**Арсен:**

Елтаңбасы елімнің  
Неткен көркем, әдемі  
Тұнығындай көңілдің  
Ортада аспан әлемі.

**Аруназ:**

Жарасқан байрақтың мәні бар  
Көк аспан, көк қыран сәні бар  
Көк байрақ ашық көк кеңісін  
Алтын күн – белгісі жеңістің.

**III. Ән: «Ойнаймыз да күлеміз».**

Жүргізуші:

- Балалар, сендер сүйікті Отанымыздың қасиетті белгілерін біледі екенсіңдер. Онда Отан дегеніміз не?

Балалар:

- Отан дегеніміз біздің әке - шешеміз, туған туыстарымыз, ауыл қалаларымыз, өзіміз туып - өскен жеріміз.

**Ерасыл Т:**

Отан – сенің ата - анаң,  
Отан – досың, бауырың  
Отан - өлкең, астанаң  
Отан – аудан, ауылым  
Айнара:

Отан – атам, Отан - әкем  
Осы сөзімқатемеекен?  
Қатеболса неге біздер  
Дейміз оны атамекен.

**IV. Би. Армян биі. Бишілер тобы.**

Жүргізуші:

- Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен: «Отан үшін отқа түс, күймейсің», - деп. Басқа да батыр ағаларымыз, апаларымыз «Отан» деп жырлаған, қорғаған, қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен.

Біз де осы ата - апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек. Отан үшін еңбек ету керек.

- Сендердің еңбектерің – сендердің жақсы оқығандарың, тәртіпті бала болғандарың.

- Ал, балалар, біз Отан туралы нақыл сөздер білеміз бе?

**V. Нақыл сөздер.**

1. Отан – оттан да ыстық.
2. Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі.
3. Отан үшін отқа түс, күймейсің.
4. Өз елің алтын бесік.
5. Халқын сүйген, салтын сүйеді.
6. Туған жердің қадірін шетте жүргенде білерсің.

**Аруназ**

**VI. Ән. «Қошақан». Сағымбай Айым**

**VII. Көрініс: «Көк байрақтай, көк жиде»**

**Мансур** ата - анасымен бірге Алматыға қайтып барады. «Ата бата берші», - деп атасынан бата сұрайды.

**Али:** Атасы: «Сұрасаң бата берейін  
Үстем болсын мерейін  
Ықыласпен қол жайсаң  
Ақ тілепен төгейін  
Жорытқанда жолың болсын,  
Қыдыр ата жолдасың болсын, аумин!»  
Содан кейін **Мансур** атасына қиыла қарайды.

Атасы: (**Али**)

- Бұйымтайың болса айта ғой, балам.

Мансур:

- Ата, сіздердің «Алтын тойларыңыздан» теберік әкетсем деп едім. Көп сыйлықтың ішінен бір көк көйлек ұнап қалды.

Атасы: (**Али**)

- Қалағаның сол болса несін аяймыз. Киім көп, қазір кимеспін.

- Тура Қазақстанның көк байрағы секілді көркем жиде өзі.

Мансур:

- «Ту желбіресе көңілім көтеріледі. Осы көйлекті атамды сағынғанда иіскеп күтіп киемін.

**Али:** (ата)

- Еліңе, жеріне адал қызмет ет, балам. Өркенің өссін балам!

**Мансур:**- Тәуелсіздікті қорғайтын ұрпақ біздерміз ғой. Туған өлкені, сіздерді өте жақсы көремін. Атамның көкпеңбек жидесін терең құрметпен қарайтын боламын.

**VIII. Би. «Сұлу қыз».**

**Жүргізуші:** Балалар, егер біз Отанымызды сүйетін болсақ, оның мемлекеттік тілін жақсы білуге міндеттіміз. Мемлекеттік тіліміз қай тіл?

**Айша:**

Ана тілің арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл.  
Өз тіліңді құрметте.

**Асма:**

Мен оның күнін сүйем,  
Түнін сүйем.  
Мен оның күдіретті  
Тілін сүйем.

**Медина:**

Қазақстан халқының  
Қазақ тілі тірегі  
Ана тілінде айтылар  
Әнұраны, жүрегі.

**X. Ән. «Қуыршақ».**

**XI. Би. «Орыс биі». Бишілер тобы.**

**XII. Хор. «Отаным – Қазақстан!»**

Елші: Абілмансур

- Құрметті ата - аналар, балабақша ұжымы бүгінгі мерекелеріңізбен құттықтай отырып, бүгінгі бақытты балаларға өзімнің кішкене ғана сыйлығымды тапсыруға рұхсат етіңіздер. Қазақстанның болашағы гүлдей жайнай берсін!



## ҚҰСТАР БІЗДІҢ – ДОСЫМЫЗ!

**Ж.О.ХАЙРХОЖАЕВА,**

*Ақтөбе қаласы,*

*ЖШС «Бопай» балабақшасының тәрбиешісі*

**Тақырыбы:** «Құстар — біздің досымыз»

**Мақсаты:**

**1). Білімділік:** құстарды туралы түсінік беру, олар туралы білімдерін тереңдету.

**2). Дамытушылық:** құстардың атын атай отырып, олардың пайдасы жайлы, бейне таспадан ертегіні көре отырып сөздік қорын, ой-өрісін, ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.

**3). Тәрбиелік:** құстарға деген сүйіспеншілік сезімге, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

**Алдын ала жұмыс:** Құстар жайлы тақпақтар, сабаққа сай сергіту жаттау.

**Керекті құралдар:** Суретті үлгілер, проектор, компьютер, магнит тақтасы.

**Әдіс-тәсілдер:** Көрсету, түсіндіру, анимациялық бейнетаспа көрсету, сурақ-жауап, Венн диаграммасы, Тірек сызбасы. Үй және дала құстарының суреттері. Мадақтау, қортындылау.

**Керекті құралдар:** Суретті үлгілер, проектор, компьютер.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Тәрбиеші:** Балалар, қане, барлығымыз шаттық шеңберін құрайық.

Сәлем беру салтымыз,

Оқып біліп жатырмыз.

Келген қонақ сіздерге,

Сәлем беріп жатырмыз.

Сәлематсыздарма қонақтар,

Сәлематсыздарма апайлар.

Шеңбер болып тұрайық, алақанды ашайық.

Күннің нұрын салайық, таза ауаны жұтайық.

Жүрекке жылу салайық, жиналған жылы шуақты

Қонақтарға шашайық.

**Тәрбиеші:** Көктем туралы білімдерін пысықтау. (Слайдпен көрсету, трек сызбасы арқылы)

**Тәрбиеші:** Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын. Сол жұмбақты шешсеңдер алдымызда тұрған сандықтың ішінде не бар екенін білеміз- деп балаларды үстел үстіндегі сандықтағы затқа назар аудартамыз

**Жұмбақ.**

Көзім бар көремін,

Тұмсығым бар шоқимын.

Аяғым бар жүремін,

Қанатым бар ұшамын.

(Құс)

Терезеге қонған құс, асықпашы, ұшпашы.

Отыра тұршы азғана-ай!

Ұшып кетті-ау, ай-ай-ай!

Бүгінгі сендерге тоқталып өтетін іс-қызметіміздің тақырыбы:

«Құстар біздің досымыз!» жайлы болмақ.

Құстар бізге қалай дос? Олар бізге қалай көмектеседі? – ойлап отырған боларсыңдар. Олай болса балалар, мұқият отырып тыңдаймыз. Құстар жайлы мен сендерге көбірек тоқталып өтемін.

Тәрбиеші: құстар жайлы біз не білеміз. Біздің елімізде өздерің білетін қандай құстар бар?

Балалардың жауаптары

Тәрбиеші: құстар табиғаттың бір бөлшегі. Олар екіге бөлінеді. Олар үй құстары және дала құстары

Дала құстарына мыналар жатады: Көгершін, қарға, қарлығаш, сауысқан, аққу, торғай т.б.

Ал үй құстарына: тауық, күркетауық, үйрек және қаз.

Олардың ерекшеліктері мен айырмашылығын және ұқсастығын, адамға берер пайдасы туралы сендерге алдымыздағы сурет арқылы әңгімелеймін. (Слайдқа назар аударту)

Құстардың ұқсастығы көзі, қауырсыны, тұмсығы, екі аяғы, құйрығы, мойыны, құлағы, басы, қанаты және жұмыртқасы. (Венн диаграммасы арқылы)

Айырмашылығы дала және үй құстарында.

Дала құстары өз бетінше тіршілік етеді. Олар ағаш қуыстарына немесе басына, бұтақтарының арасына ұя салып өмір сүреді. Құстар дәнді дақылдармен, түрлі өсімдіктермен, жәндіктермен қоректенеді.

Үй құстары адамдардың қамқорлығында болады.

Дала құстарының пайдасы ағаштардағы зиянды құрт-құмырсқадан тазаласа, үй құстарынан біз жұмырқасын, етін ас ретінде пайдаланамыз.

**Венн диаграммасы арқылы құстардың айырмашылығымен ұқсастығына тоқталып өту.**

**Ғажайып сәт.** Залға екі құс ұшып кіреді. Құстар шүйкілдесіп, таласып айтысқан сыңай танытады. Ізінше Табиғат ана келіп балалармен амандасады.

**Тәрбиеші:** Табиғат ана таласып жатқан құстардың тілін түсінбей жатырмын, маған сіздің көмегіңіз қажет, сіздің келгеніңіз қандай жақсы болды деп, Табиғат анадан көмек сұрайды.

**Табиғат ана:** Қазір мен бұл құстарды сиқырлайын, тілін түсініп көрейік.

Бұлбұл:



Мен бұлбұлмын, сайраймын  
 Даусым қандай керемет.  
 Ән саламын шырқаймын  
 Құстар маған тең келмес.

**Қарлығаш:**

Адамзаттың жақыны  
 Қарлығашпын ақылды.  
 Көгершінмен екеуі,  
 Жайлайды бір шатырды.

**Бұлбұл:** Мен әдемі құспын, дауысым сондай  
 керемет, ал сенің құйрығың айыр –деп мақтанады.

**Қарлығаш:** Менің құйрығым айыр болғанмен  
 адамзаттың жақын құсымын-деп қарлығаш мұная-  
 ды.

**Табиғат ана:** Құстарым менің сендер таласпаң-  
 дар. Әр құстың өз орны бар. Қарлығаштың құйрығы  
 неге айыр болғанын осы ертегі арқылы көріп  
 түсінесіңдер.

**«Қарлығаштың құйрығы неге айыр»** – ер-  
 тегісін (бейне таспадан көрсету)

Сол бейне таспадан кейін, Табиғат анамен тәрби-  
 ешінің балаларға сұрақтары.

— Жарайсыңдар. Ендеше орнымыздан тұрып  
 сергіп алайық.

**Сергіту сәті.**

Қане, қанат жазайық, қарлығаш боп ұшайық.  
 Ұшып-ұшып алайық, орнымызға қонайық  
 Қарлығаш боп ұшайық, торғай болып қонайық.  
 Сауысқан болып секіріп, тоқылдақ боп шоқиық.

**Тәрбиеші:** Енді балалар мына бізге келген Та-  
 биғат анамен, құстарға арналған, тақпақтарымызға  
 кезек берейік.

**Гүлназ:**

**Жібек:**

Адамзаттың жақыны,

Құс сұлуы аққумын,  
 Қарлығашта ақылды.  
 Табиғат көркін сыйлаған.  
 Көгершінмен екеуі,  
 Мылтығын кезеп еш мерген,  
 Жайлайды бір шатырды.  
 Атуға көзін қимаған.

**Нұрилла:**

**Бахытжан:**

Қазым, қазым, қаңқылда  
 Ақ тауық-ай, ақ тауық,  
 Көлде жүзіп саңқылда.  
 Ақ тауық неткен қақсауық.  
 Жем шашайын жейсің бе?  
 Ертемен қыт-қыттайды,  
 Кәмпит берші дейсің бе?  
 Ауламыздан шықпайды.  
 Жок! Жок! Жок!

Кәмпит тәтті болмайды ас,  
 Арпа, бидай, сұлы шаш!

**«Дауысынан ажырат» д\ойыны.**

**Табиғат ана:** балалар мен құстарымды алып  
 орманға кетейін деп қоштасады.

**Тәрбиеші:** жарайсыңдар, балалар! бүгінгі оқу  
 іс-қызметі сендерге ұнадыма.

**Балалардың:** жауабы

Құстарды қорғаймыз, оларды атуға болмайды.  
 Олар бізге дос. Оларды аялау керек.

**ҮІӘ соңында барлығы:**

Құстар біздің досымыз, бау-бақшаны қорғайды.  
 Ұя жасап қарсы алсақ, олар бізді қолдайды.

Осымен балалар іс-әрекетіміз аяқталды. Енді  
 бәріміз топқа барамыз. Келген қонақтармен қошта-  
 самыз.

Көріскенше күн жақсы! Сау болыңыз!





## АҚПАРАТ АЙДЫНЫ

Алға қаласы №3 «Гүлдер» балабақшасының меңгерушісі А.Жиенқұлова: «Балаларға тілдерді оқыту – өте күрделі әрі қызықты процесс, сондықтан да әрбір тәрбиешінің өз әдіс-тәсілі, шығармашылық шеберлігі, тың ізденісі болады. Міне, осындай мол тәжірибені «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» журналынан табуға болады. Журнал – жаңашыл мұғалімнің нағыз досы, әдістемелік көмекшісі».

Мәртөк қаласы №2 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мұғалімі А.Арықова: «Тоқсан сайын шығатын «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» журналын асыға күтеміз. Өзім де, әріптестерім де журналға материал жарияладық. Журнал облыс, республика көлемінде әріптестерімізбен іс- тәжірибе алмасатын қызықты әрі мазмұнды басылым деп ойлаймын».

